

# П И О Н Е Р



ЯНВАРЬ

1956 ЖЫЛ  
АЛМАТЫ

№ 1

## МҰҒАЛИМА ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Қ. ЖАРМАҒАМБЕТОВ



Әлі есімде отырғаным партаға,  
Таңдана кеп үңілгенім картаға,  
Қасымдағы мұғалима жас қыздың  
«Түзу отыр» деп қаққаны арқаға.

Әлі есімде бізге қарап күлімдеп:  
«Әліппеден басталады білім» деп,  
Дәптер, қалам, букварьді бергені  
«Үйренеміз ұлы орыс тілін» деп.

Көз алдымда сол күнгі бір тұрысы,  
Жарқын жүзі, әсем үні, жүрісі,  
Құлағымда күзетші шал сөзі де:  
«Осы қызым — біздің ауыл ырысы».

Көп оқыйға еске еміс түседі,  
Ашық мінез, бала жанды кісі еді.  
Астанадан келген алыс ауылға  
Күннің нұры, бейне бақыт құсы еді.

Жаңылмасам жаңа жылдың кешінде,  
Сұрамастан ұлықсат та, кешім де,  
Есік ашып мұғалима үйіне  
Бір топ бала кіргеніміз есімде.

Өзі ертіп әкелді үлкен бөлмеге,  
Кейбіріміз шығып кеттік төрге де,  
Кітап, журнал, суреттерге ілінген,  
Қарай бердік келгендей-ақ көрмеге.

Алдымызға үлкен альбом тастады,  
Жыйған екен суреттерін жастағы.  
Бір кітапты ашып, бізді шақырып,  
Сабырлы үнмен әңгіме оқый бастады...

...Сокольники. Жаңа жылдың кеші еді.  
Боран ұлып, құйын кезген көшені.  
Ата-анасыз балалардың үйіне  
— Бүгін бізге Ленин келмек, — деседі.

Жас елка бұтақтары сүзілген,  
Ойыншықтар өн бойына тізілген,  
Ақ көгершін ерекше көз тартады,  
Жеті жасар Катя дейтін қыз ілген.

— Боран қатты, Ленин бүгін жете алмас.  
— Машинасы омбы қардан өте алмас.  
— Боран түгіл шайқалса да дүние,  
Уәдесін Ильич екі өте алмас.

Қарт завхоздың тоқтасып жұрт сөзіне,  
Жүрек толқып қуанышты сөзіне  
Отырғанда, машина да дүр етті,  
Келіп қалды Ильичтің өзі де.

Дүниеде жалғыз ғана дана бар,  
Ол Ильич, таний кетті балалар,  
Сәби жандар үнсіз қарай қалысты,  
Ленин күлді, осылар деп даналар.

Балалар тұр десіп іштен: «мізбақпа!»  
Кірісті Ильич тосырқауды бұзбаққа,  
«Кім біледі кошка-мышка ойынын?»  
Деп қарады Вера дейтін қыз жаққа.  
— Мен білем! — деп Вера қолын көтерді,

— Мен де!

— Мен де! — деп біреулер жөтелді.  
Кошка — Леша, Катя — мышка сайланды.  
— Ал, Леша, ортаға сен өт енді.

Елқаны қоршап бәрі айналды,  
Леша жүр көрсетем деп айламды.  
Тыста тұрып Катя мез боп күледі,  
Дегендейін: «білемін бас пайдамды».

Ырғып Леша атылды да ақырды,  
Бірақ Катя тауып кетті ақылды,  
Ильичтің оң қолынан айрылмай,  
Жаутаң қағып көмекке оны шақырды.

Лешадан қорқып Катя шыр етті,  
Алып жүрек сол бір сәтте дір етті,  
Катя тұрды құшағында Ильичтің,  
Аңғырт Леша бос мақтанды, құр кетті.

Мұнан кейін талай ойын ойналды,  
Жаңа жылдың кеші қызық тойланды.  
«Бізбен бірге бол» деп Катя жалынды,  
Ильич те сөзін жықпай ойланды.

Балаларға Ленин сыйлық әкепті.  
Есебі жоқ коробка мен пакетті  
Үлестірді достарына Ильич,  
Қуыршақ пен пакет Катя әкетті.

Бір толаста Ленин шықты далаға,  
Балаларды шаршатуға бола ма?  
Күтіп тұрған талай іске асығып  
Жүріп кетті түнде қайта қалаға.

Бітті әңгіме, кітап беті жабылды.  
Мұғалима отырды үнсіз сабырлы.  
Кірпігінен мөлдір моншақ төгіліп,  
Ойда жоқта бір қасірет табылды.

Себебі не? Таңданамыз біле алмай,  
Я кетіп далада еркін күле алмай.  
«Кешіріңдер, кейін айтам», — деді өзі,  
Кеттік біздер, қалды жұмбақ сұралмай.

— Жақсы кештің не боп кетті аяғы?  
— Мүмкін жетім жас сәбиді аяды?  
— Мүмкін сонау Ильичпен қоштасқан  
Еске түсті қаралы күн баяғы?

Жорамалдың барлығы да қате екен.  
Абайласақ Катя оның да аты екен.  
Екатерина Ивановна біздің бұл —  
Ленинменен сөйлескен сол Катя екен.




# ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 1  
ЯНВАРЬ  
1956 жыл.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 18 жыл.



## Мұнара үстіндегі ән

Саид Баязитов.

Әңгіме

Суреттерін салған Н. Лебедев.

Июль айының орта шенінде облыстық газет редакциясы мені «Бірлік» колхозына командировкаға жіберді. Бітік егін өсіріп, аты шыққан бригадир Алтынбек Жақсыбаевтың іс тәжірибесін жазу тапсырылды.

«Бірлік» колхозын бұрын көрмесем де, қаладан онша қашық емесін білетінмін. Көп кідірмей, қағаз, фото-аппаратымды алып, мотоциклмен жүріп кеттім.

Қаладан шығып, отыз километр жердегі өзен паромынан өткенше даңғыл жол сайрап жатты да, өзеннен өте бұзылды. Бір жолдан бір жол туып, ескі сүрлеу мен жаңа сүрлеулер шым-шытырық айқасып кетті. Жөнімнен жаңылыса бастадым. Күн бетін бұлт жапқандай көңілімді кірбің басты. Теріс кетіп, талай рет кейін қайттым. Әбден шаршадым.

Сонда да, тоқтап демалу ойымда жоқ еді, бір кезде кездескен бөгет мені еріксіз тоқтатты.

Кенет мотоциклім тұйыққа тіреліп қалды. Жолды жаңадан қазылған арық кесіп өтіпті. Енді-енді қылтыйып, бас көрсетіп келе жатқан балапан сүйріктер су бетін сызып, өрге жүзген жас шабақтар көрінеді.

Жылымшы судан аз сусындап, сасқандай жан-жағыма қараймын. Оң жағымда аумақты төбе, оған шектесе сағым мұнарына бөленіп егін-жай алқабы жатыр. Алдымда, тұтаса өскен қалың ағаш ішінен, үй шатырлары байқалады. Бұл — «Бірлік» колхозының орталығы болуға тиіс.

Іздеген колхозым нек астында жатыр. Алайда, мына тұйықтан қалай өтемін? Өт-

келді қайдан табамын? Кейін қайтып, басқа жол іздеймін бе?

Осындай оймен мазасызданып тұрғанымда құлағым тербеліп бір ән жетті. Тыңдап едім:

«Көңілді біздің участок,  
Не іздесең бәрі бар...» деп ән сөздері кей-

де шалқып, кейде тынып үздік-создық естілді. Алғашында шыққан бағытын білмей едім, көп ұзамай тауып алдым. Ән — өзім көрген оң жақтағы төбе артынан естіліп тұр.

Жөн сілтеуші тапқандай қуанып, мотоциклді шапшаң солай қарай бұрдым.

Көп жер жүрмей-ақ күзетшілер орны — шардақтың үстінен шықтым. Мұны, жергілікті диқаншылар, көбінесе, мұнара деп те атайды. Мұнда егін, бау-бақша күзетшілері тұрады.

Мұнараны білектей-білектей бірнеше араштардан қыюластырып орнатқан. Биіктігі төрт метрдей. Төбесіне шөп жауып көлеңке жасаған. Көлеңке асты — күзетші орны.

Әйтсе де, қазір мұнара үстінде жан атаулы көрінбейді. «Әлгі әншіміз қайда?» — дедім алаңдап.

Сол кезде, егін шетіндегі қырқадан бір бала шыға келді. Қолында шұбар ала тағяғы бар, шамасы, мал қуып келе жатса керек.

Көзіме бірден түскені баланың тапал бойы мен дөңгелек жүзі. Жасы он-он бірден аспайды. Қигені ақ түсті шолақ жең көйлек пен көк труси. Басында газет қағазынан жасап алған қалпағы бар. Онысынан ашық қызыл бояумен салынған бесжұлдыз суреті кірінеді.

— Інішек, «Бірлік» колхозын білемісің? — дедім келіп жеткен балаға.

— Білемін, — деді мотоцикліме көз қы-йығын салып қойған бала.

— Ендеше, сілтеп жібер.

— Сілтеп жібер? Сіздің мотоцикліңіз бар ғой.

— Болса ше? — дедім оның сөзіне танданып.

— Жаяу болмаса, онымен жүре алмайсыз.

— Басқалар қалай жүреді?

— Бөтен жолмен айналып барады. Көп жер кейін қайту керек.

Мен сағым сынғандай сілейіп қалдым. Бала жанымға келді. Мотоциклімді айналдыра көріп шықты. Қызыға қарайды.



— Алтынбек Жақсыбаевтың участогін де білетін боларсың?

— Білгенде қандай! — деп күлді бала менен ерсі сөз естігендей. — Мынау сол емес пе! Әріде тағы бар.

Баланың сілтеген жағын мен келген бойда-ақ көргенмін. Кең алқапты алып жатқан, әр жерінен ойдым-ойдым сарғая бастаған көп тары егісі болатын.

Іздеген кісімді таптым ба деген үмітпен:

— Ол өзі қайда? — дедім асығыс.

Бала, Алтынбектің жаңа әзірде келіп кеткенін, қазір басқа участоктегі егіннің арам шөбін отатып жатқанын, оның өзі біраз жер екенін айтты.

— Сен мұнда күзетшісің?

— Күзетші болғанда — тарыға бас-көз боп... әйтпесе, мына мектеп жерінде...

Оның нұсқаған жағына мойын бұрдым.

Егіндікке жалғас бір қауым жер жатыр. Айналдыра аласа шарбақ жүргізген. Бұл — мектептің тәжрибе участогі екен. Баланың айтуынша: онда әлденеше астық дақылдары, овощь-жеміс, гүл-қызғалдақ түрлері өсірілген. Олардың бас-басына өсімдік аты жазылған тақтайша қойылған.

— Сен сонда күзетші екенсің ғой?

— Біз кезектесіп тұрамыз. Отряд бойынша...

Бала оқенет сөзін тоқтатты. Тарыға бір



топ торғай қоныпты. Сақпан таяғын сарт еткізіп сілтеп қалды. Саздан қатырған тастай жұмыр кесек оқтай атылды. Торғайлар дүркірей ұшып өте шықты.

«Қырғыйдай тиген жоқпын ба?» дегендей болды баланың мақтанышты жүзі. Сонсоң ол:

— Тары күзетін председательден әзер сұрап алдық. Баласынып сенбей жүрді. Алтынбек ағайды салып, зорға көндірдік. Мұнараны орнатқан да Алтынбек ағай.

Баланың әңгімесі мені жұбатпады.

— Сөйтіп, мен Жақсыбаевқа қалай жетуім керек? — дедім күрсініп.

— Білмеймін, — деп бала да қыйнала жауап қатты.

— Мотоциклімді тастап, жаяу кетсем ше?

— Осында тастап па?

— Ия.

— Сағатыңыз неше болды?

— Он бір боқты.

— О-о-у, онда болмайды. Он екіде смена ауысады. Басқа бала келеді.

— Келсе ше? Соған табыс етерсің.

— Жоқ, болмайды. Жауапкершілікке ала алмаймын.

Баланы көндіру қыйын екенін сездім.

— Алтынбек ағайыңды өзің шақырып келсең ше? — дедім сонсоң.

Бала бетіме бажырая қарады.

— Участокке кім қарайды? Мал түсіп кетсе.

— Мен қарайын.

— Сіз торғайды үркіте аласыз ба?

Мен сақпан ату білетінімді, торғай үркіту, мал қуу қолымнан келетінін айттым.

Бала, сенбегендей, мені бастан-аяқ шолып шықты да:

— Бірақ сіз өлең білмейсіз ғой, — деді.

— Қандай өлең?

— Күзетте тұрғанда өлең айтамыз. Сондай шартымыз бар.

«Бұлардың ойлап таппайтыны болсайшы», — дедім ішімнен. Шынында өлеңді аз білетінмін. Сонда да, сыр сақтап:

— Жақсы, білетіндерімді айтайын, — дедім.

— Жоқ, кез келген өлеңді айтуға болмайды.

— Тағы да сонысы бар ма еді?

— Онша қыйын да емес, міне былай, — деп ол қысылғандай, тамағын кенеп, кібіртіктеп тұрды да өлең бастады. Алдымен жай айтып, сонынан бірте-бірте көтере түсті.

Өлең жолдарының ақын қаламынан тұмағаны қандай байқалып тұрса, әлі де аты-жөні белгісіз композитордікі екеніне шексіз сендіргендей. Бала әнді қатты бұралған домбыра шегіндей көтеріңкі үнмен айтты.

— Осыны білсеңіз болғаны, — деді ол күліп.

Мен әнді айтып байқап едім, үйрену онша қыйынға соқпайтын сыяқты. Балаға екі-үш рет қосылғаннан кейін әнін үйреніп те алдым. Сөздерін ұмытпауым үшін, блокноттыма жазып қойдым. Сонсоң тағы бір қайталап шыққанымда баланың да көңілі толды білем, Алтынбек ағайын шақырып келуге келісім берді.

— Күзетті қабылдаңыз, — деді ол жымыйып.

— Қабылдадым, — дедім ойланбастан.

— Мұнараға шығыңыз.

— Мұнараға?!

— Жерде тұрып тарыға түскен малды көрмейсіз. Жаңағы бел асырып салған сыйырлар қайтып келуі мүмкін, — деді де, бала мұнараға шығып кетті.

Менің тоқталып қалғанымды көріп, бала:

— Шыға беріңіз! Аяғыңыз неге дірілдейді? Сенбейсіз бе? Міне, солай! Нық басыңыз! — деп көзбен шығарып алды. — Енді өлең айтып көріңіз, — деді сонсоң.

Баланың бұл қылығына күлерімді де, ашуланарымды да білмедім. Бірақ не амал, еріксіз тағы да қайталадым.

— Міне, болды. Мен кеттім. Сақ болыңыз.

Ол жерге түсті де:

— Алтынбек ағаға кім шақырады дейін? — деді.

— Облыстық газеттен де.

— Сіз тілші екенсіз ғой. Ал, мен жай суретші деп қалдым. Біздің участокті де көріңіз, — деп, ол тары егісінің арасындағы атыздар үстімен жүгіріп кетті. Оның бойы қалыңға жасырынғанда, мен де «ух» деп демімді бір алдым. Сонсоң ақырын ғана үйренген әнімді айтуға кірістім.

Төбеден асып, үлкен жолға түскен соң жас танысыммен қоштастым. Мотоциклімді сөндіріп, соңғы рет мұнара жаққа қарадым. Ол көрінбейді. Бірақ, қоңыр дауыспен шырқаған ән, баяу да болса, естіліп тұр екен.

Мотоциклім талай белес-белдерден өтсе де, сол ән құлағымнан кетпей қойды. Балалық күйін шертетін қарапайым әнге ауық-ауық өзім де қосыламын.

# АҚ ТАС

Асқар Лекеров.

Әңгіме



Аян басқа балалармен бірге мектептен жүгіре шыққанмен, есік алдына келгенде әлде не ойына түскендей қалт тұрып қалды. Терезе алдындағы жас сиреньге көзі түсті. Оның жел лебімен тербелген жасыл жапырақтары әлдеқандай бір сыр сыбырлап тұрғандай сезілді. Ол қандай сыр? Әлде сенің кімді күтіп тұрғаныңды білеміз деп әзілдей ме? Ойнақтап аққан су сыбдыры да осы сырды сыбырлап бара жатқандай.

Осы толқудың үстінде шыдай алмаған Аян мектеп алдындағы баспалдақтардан жүгіре түсіп, артына қарамай өзенді өрлей жөнелді. Бір кезде қарсы алдында таяғымен алдын барлап, аяғын ақырын басып келе жатқан жалғыз жігітті көрді. «Өзі соқыр адам сыяқты, жар жағалап келе жатқаны қалай, суға құлап кетпей ме екен, көмектесейін» — деген оймен бұрынғысынан да қаттырақ жүріп, жігіттің қарсы алдына келгенде, ол да тоқтады. Екеуі біраз үнсіз тұрып қалды.

Аян алдындағы жас жігіттің көгілдір көз әйнегінің астындағы екі көзінің бірдей жоқ екенін көргенде, жүрегі дір ете түсті. Жаны ашыды. Бірақ сол жігіттің өңінен не уайымның, не ауыр ойдың ізін сезбеді. Бейне өзін көріп тұрған адамдай күлімдеп:

— Інішек, сонша неге алқынып тұрсың. Әлде асығыс жұмысың бар ма еді, маған бөгелмей-ақ қой, өзім де тауып барамын, — деген сөздерді де ол өте сергектікпен айтты.

Осы кезде соқыр жігіттің өң-шырайынан баладай құмарлықты сезген Аян, әлде мені, ...барлығын көріп тұр ма, деген адамдай оның көзіне сезіктене қараған еді, көгілдір көзілдіріктің астындағы көзінің кірпіктері бір қабысып, бір ашылып тұр екен. Бала шыдай алмады, көзін басқа жаққа аударып, тағы үнсіз тұрып қалды.

Баланың осы минуттағы жан толқуын оның дем алысынан сезген жігіт:

— Жаным, көңілге сақталған жолды көзсіз де тауып баруға болады. Осы жол, осы жаға менің де өзіңдей

кезімде асыр салып өткізген жұртым еді. Осы тұста аржақтағы жар қабақтағы байтеректі көрсең бе, соның түбінде екі кісі сыйып отырарлық ақ тас жатыр. Мен сол тасқа барайын деп келемін.

Бала соқыр ағасының бұл сөздерінен ештеңе ұқпады. Бар аңғарғаны осы жердің адамы екендігі болды. Оның кейінгі сөздерді даусы қалтыраңқырап айтқанынан ойында асқан құмарлықтың, не сағыныштың сыры жатқанын байқағандай:

— Аға, менің асығыс жұмысым жоқ, онда сол тасқа сізді мен алып барайын, — деді барлық жүрегімен.

— Жоқ, жаным, мектеп жақын қалған болар. Жыйылыстарың аяқталған шығар... Мектепке дейін өзім де барамын, одан әрі мені ақ тасқа ертіп бартын адам бар, рақмет...

Аян балалық құмарлықпен: «Ол кім?» деп сұраса да, ұялғанынан төмен қарады.

— Ол ма, ол — сендердің оқытушыларың Фатима, Фатима ғой. Оны сен жақсы білетін шығарсың. Ол да баяғыда осы мектепте оқыған. Барлығымыз бірге оқығанбыз, біз де сендер сыяқты бала болғанбыз... Енді көрмейсің бе? Ойнақтаудың орнына таяққа сүйеніп, ілбip келемін. Бірақ ойым барлығын орап алғандай. Жарайды, оқа емес... Сен өзің ұялшақ баласың ғой деймін... Сөзге де сараңсың ба, қалай? Кімнің баласысың, атың кім? — деді соқыр жігіт алдындағы балаңы көңілімен ұнатып тұрғанын күлімдеген өңінен сездіріп.

— Мен Қасымның баласымын, атым Аян!

Бала бұл жердікі болсаң өзің де білерсің деген сеніммен айтты.

— Я, я, білемін. Өзіміздің Қасекеңнің баласы екенсің ғой. Сендер шет жайлап жүруші едіңдер ғой, мұнда қашан көшіп келдіңдер?

— Соғыс кезінде, көкем майданға кеткеннен кейін келгенбіз, не болса да елмен бірге көрелік, — деп апам бізді ертіп көшіп келген. Содан бері осында, колхозда тұрамыз.

— Көкең майданнан қайтты ма?

— Я, қайтты. Былтыр келген. Жұмыс істеп жүр.

— Жақсы, жақсы... Өзің нешедесің?

— Он төрттемін.

— Жақсы. Оқып жүрсің бе?

— Я, оқып жүрмін. Быйыл жетінші класты бітірдік.

— Оқуды үзбегенің жақсы болған.

— Фатима апай тұрғанда біз оқуды үземіз бе, әрі жұмыс істедік, әрі оқыдық, әрі... — деп бала тағы бірдеңелерді айтайын деп еді, олардың әңгімесін мектеп жақтан күлкі аралас шыққан дауыс бөліп жіберді.

— Әне, Фатималар да келе жатыр, — деді соқыр жігіт, бейне көріп тұрған адамдай, оларды әлде қайдан даусынан танып, — мен өткен түнде келдім. Сонда да шыдай алмай үйден шығып келе жатқаным ғой. Қазір мектепке барамын... Үйреншікті әуесін жұтқым, өзім отырған партаға бір отырып тұрғым келіп, үйде елегізіп отыра алмадым. Кешке біздің үйге кел, — деп соқыр жігіт барлай аттап алға жүрді. Осы кезде Фатималар да таянып қалған еді. Аян ілгері кетудің амалын таппай, орнында тұрып қалды.

Фатима әдеттегі ашық жарқын даусымен, аңадайда тілдесіп:

— Аян, Аяш, бері кел, ағаңмен таныстырайың,— деді, оның ұялып тұрып қалғанын сезіп.

Фатиманы ерекше сыйлайтын Аян оның даусын естісімен қарсы жүрді.

Соқыр жігіт алдындағы дабыр-тықыр таянған сайын, соқырлығын сездіргісі келмегендей, басын көтере, еркін аттады. Оның бұл жүрісінен «жығылып қалар ма екен» деп хауіптенген Фатима жүгіре басып келіп, оң қолтығынан алып:

— Мені үйден күт, кешкілікті бірге шығамыз дегенім қайда, әлде балалығың есіңе түсіп кетті ме? — деп әзілдеді.

— Я, балалық... қайта оралса өмірдің басқа белесіне айырбастамаған болар едім.

Соқыр жігіт пікірін аяқтамай айналасына қарады. Ондағы ойы Фатимаға «жаныңдағы адамдармен неге таныстырмайсың, мен кімнің алдында сөйлесіп тұрмын» — дегендей сездіру еді. Осы ойды айтқызыбай білген Фатима, айыбын мойнына алғандай, жайып-шуа:

— Екеуміз әрқашан да бір-бірімізді жаңа көрген адамдай боламыз да қаламыз. Оның үстіне, сен қайдағы балалықты еске түсіріп, жанымдағы балалармен таныстыруды да ұмыттырып жібердің. Оқа емес, балалар үшін біздің бұл әңгімеміз де «танысу», — деп бастап, оң жағында тұрған Назкеттің иығына қолын салып:

— Мынау — өзің білетін Маржан жеңгейдің қызы, Назкет. Жетіжылдықты быйыл бітірді...

— Жаным, Назкен, жаңа Аянды кездестіріп қаншама өмірдің өткенін еске бір түсірген едім. Енді сенің жетіжылдықты бітіргенің... қандай тамаша, қандай қызықты. Өмір ағысы сұрапылды күндерде де тоқтамаған... Біз кеткенде сен өз шашыңды өзің өре алмайтын кезің еді. Енді... қуанамын...

— Балалар, сендер үй жаққа бара беріңдер, біз де біраздан кейін ораламыз,— деп Фатима жолдасын қолтықтан мектепке қарай қайта бұрылып,— Назкен, кешке сен біздің үйге келіп кетерсің,— деді.

## II

... Есім, жарылған бомбаның қатты толқыны зардабынан екі көзінен бірдей айрылғанын тек госпитальға келгеннен кейін, біраз күннен соң білді. «Ең болмаса бірінде кішкентай саңлау қалған болар» деген үміттің жібі үзілді. «Енді мен кімге керекпін... Енді менде қандай қызық қалды»... — деп көңіл қортынды жасада да, «мүмкін» — деп ой түкпірін ақтарады. Сол минуттар, өмір экранының кең залында отырғандай, барлығы біртіндеп көз алдынан өтіп жатады.

Өмірде тіпті кішкентай адамдардың өзінің көргені қандай көп. Бірақ соның қайсыбірі есте қала бермейді. Тіпті кейде көңілге от жалындай басылған уақыттардың өзі арасы алыстаған сайын, тозығы жеткен дүниедей ескіре беретін сияқты...

Осы ойлардың үстінде Есімге тек үміт дүниелері ғана өзінің көңіліне сақтағандарының ішінен, тозбай, өшпей, арасы алыстаған сайын жақындап ескімей жап-жаңа қалпында сақталатын сияқты көрінді. Аз уақытта өзі өткен жол сораптарын қыялмен шарлап келе жатқан Есім селкеу шашы маңдайына түскен, дөңгелек, қызыл шырайлы күлімдеген қара көзді кішкентай Фатиманы, сол кездегі өзі оқыған мектебін есіне алып балалық шағына шомды.

Жетінші класты ауыл мектебінен бітіріп келген Есім «қала балаларының арасында оқуды да нашар оқып,

қыз алдында масқара да болармын» деген ойдың үстінде, Фатимамен бір кластас болғанына қуанса да, кейіннен өкінді... Сыр бермеуге тырысып, алған түкпірінде үнсіз отыра берді...

Бірақ осы класқа сырттан келген бала болғандықтан ба, Есімге мұғалімдердің барлығы да ерекше көңіл аударды. Тақтаға да жиі шығарады, ауызша сұрақтар да оған жиі қойылатын болды. Мұғалімдердің мұнысы Есімді жақсы дайындалуға, қандай сұраққа болса да жауап берерлік дәрежеде болуға жетектеді... Үйдегі өмірінің көбін оқуға жұмсады.

Есімнің тұрған үйі өздерінің жам-ағайындарының бірі — Дубек деген жігіттікі болатын. Оның кәсібі етікшілік еді. Кішкентай бір бөлмелі үйінен әрқашан да былғары исі аңқып тұратын. Есім алғашында оған үйрене алмай жүріп, кейіннен мүлде сезбейтін болды.

Дубектің өзі ақжарқын, көңілді адам еді. Кейде айналасындағы ыбырсыған етіктердің, былғары қыйқымдарының ортасында отырып, ыңылдап өлең айтатын. Оның қоныр даусынан көңілге бір қонымдылық байқалатын. Оның қайталап айта беретін өлеңдерінің кейбіреулерін Есім осы адам өзінің ойынан шығаратын болар деп қорытатын. Өйткені оның көп өлеңдерінде өзінің етікшілік өнерінің сыры жататын. Күнде ести бергеннен кейін Есім оның кейбір өлеңдерін жаттап та алған.

Баланың ізі қалды бармағымда,

Ауыртқам бізді шашып алғанымда...

Жалғыз терезенің алдынан Дубек күндіз-түні қаққан қабықтай аумады. Бір етіктің басын қондырып тастап, бір етіктің өкшесін қайып қойып, енді бір етікті қалыпқа тартып тағы бір етіктің ұлтанын қағып, жалғыз өзі болса да жұмысты үлкен конвейермен істейді. Келімді-кетімді адамдары да көп...

Оның сырт жағындағы күні бойы жыйналмайтын кішкене дөңгелек үстелде бірде ессбін шығарып, бірде жазуын жазып, бірде кітабын оқып Есім отырады.

Бір ғажабы олар жұмыс үстінде осы бөлмеде тек бір өзі ғана жалғыз отырғандай сезінеді. Кейде бірнеше сараттардың үнсіз өткенін де сезбей қалысатын.

Баланың сабаққа соншалық берілгенін, әсіресе, қаршадайынан орнықтылығына іштей риза болса да, өзіне пәлен демейтін еді.

Дубек пен Есім жастары алшақтау болса да, іштей бірін бірі дос адамдай сезінді. Кейде Дубек кешкілікті бір етіктің өкшесін өзі бізбен жүргізіп шығып, Есімге оны қаюды үйретті. Есім бара-бара өкше қаю, қалыпқа тартылған етіктердің ұлтанын қағу сияқты жұмыстарды өзі қызығып істейтін болды...

Есімнің неге болса да, осындай үйірілімді мінезіне іштей сүйсінетін Дубек оның бірде су әкеліп, бірде күл шығарып, бірде отын жарып, бірде тіпті нан илеп жатқанын көргенде, көзінен жасы шығып кете жаздап толқыттын, оның қасына келіп, арқасынан қағып:

— Жаным, істеп жатқаның не, осыған сені кім зорлайды.— дегенде, Есім жай ғана күлімдеп:

— Мені ешкім зорламайды, осының барлығын өзім істегім келіп тұрады,— дейтін.

— Әйелдердің жұмысына араласпағаның жақсы болар, жедеңнің өзі де үлгіреді... Екеуміздің басқа да жұмысымыз жетеді. Оқуыңа көңіл бөл... Анаң Ақжарқын марқұм мені өз балаларындай көретін еді... Сен білмейсің, баласың, әлі барлығын айтамын...

Дубек осы сөздерден кейін құйындай ұйытқыған ойын білдіргісі келмей, оңі құқылданып, теріс айналып кетті.

Осы кезде ақ оқтаудың бір ұшын столға тіреп, сүйеніп тұрған бала сол бетімен аңырып тұрып қалса да,

көз жанарына бір ұшқын пайда болғандай терезе алдына келіп, сыртқа, алысқа қарап тұрған Дубекке ерекше сезіммен қарады.

Осы бір шағын денелі, қою қара шашты, сұлуша келген қара торы жігіттің өзіне деген жылылығы, оның сезімтал жұқа өңінде ғана емес, жүрегінде екенін терең түсінді. Оның ойында айтылмай тағы талай сырлар жатқанын білді. Бірақ қазір тілдесуді асығыс көріп, бала жұмысына қайта кірісті.

Сырттан түтігіп келген Дарига да нан жайып жатқан Есімнің қасына келіп, үнсіз оның маңдайынан иіскеп:

— Оралымды баласынан айналайын, шаршап келіп едім, тындырып қойыпсың ғой, — дегенді қалтқысыз айтып, әдетте, ылағый түюлі жүретін қабағын жадыратып, тез қымылдап, ас дайындауға кірісті.

«Айналайын» — деген сөзді анасы өлгеннен бері естімеген Есім, өзі «тас бауыр» деп ұғатын қатігез әйелден естігенде, «мен сізді түсінбей жүр екенмін, сізде де мейірімділік бар екен» дегенді шығарып айтпаса да, лып етіп қаны сыртына тспкен оң шырайынан білдіріп, алдындағы әйелді құшақтай алғысы келді.

Осы кезде оның жасаураған көзіне көзі түскен Дарига қайта оралып келіп, оны өзі құшақтап:

— Қалқам, қандай жылы жансың, бір адамның қаталдығы мендей-ақ болар, сен мені де еріттің ғой... Осының барлығын саған кім істе деді? Ақжарқын апай тірі болса, сен бүйтіп жүрер ме едің? Жоқ, мүмкін емес, мен бұдан былай саған бұл жұмыстардың бірін де істетпеймін...

Дариганың осы сөздерді көзіне жас алып айтқанын көргенде, Есім барлық балалық жүрегімен ұмыт болып бара жатқан ана көкірегінің иісі кеудесіне кіріп, тұла бойына жайылғандай әсер алды. Алғашында суықтық сезілген шағын үй, енді өз өмірінің жылы ұясындай көрінді.

Осындай ыстық сезімнің үстіндегі ана мен бала құшағын жазғанда, төр жақтан құмарлана, қызығып қарап тұрған Дубекке көздері түсті. Барлығы да бірінің қуанышына бірі тілсіз түсінгендей, үнсіз тұрып қалды...



### III

Есімге кластағы балалардың барлығы алғашында дүрдісе қарап, үзіліс кезінде оны түртіп, қағып кетушілер де болды. Оның жалғыз қаруы — жар қабағының астындағы дөңгелек, ұзын кірпікті қара көздері болатын. Ол айналасындағы қақтығып, соқтығып жүрген балалардың біріне күле қараса, біріне іштей «саған көрсетермін» — деген адамдай алара, не тессіле қарайтын. Кейбір балалар оның осы көзқарасынан сескенетін де. Бірақ оспадарланып қол жұмсауды, не ащы сөздермен салғыласып, ұрсып жатуды сүймейтін.

Есімді кейінгі кезде айналасындағы балалар осы мінезі үшін «Үндемес» атапдырып жіберді. Бірте-бірте онымен жақындасатын балалар да табылды. Алғашында «осы не білер дейсің» деп оның алдына кеуде көтерген кейбір балалардың өзі де кейін жылы ұшырай келетінді шығарды.

Фатима Есімнің әрқашан да кластан ең соңғы болып шығатынын білетін. Ол да бір күні кітаптарын жыйнастырып, сумкасына реттеп салып, бөгеліңкіреп шықты. Әдеттегісіне жүгіре жөнелмей, соңына қарайлап тұрып, Есімді күтіп алып, бұрынғы әдетімен «Үндемес» деудің орнына «Естюша!» — деді.

— Жүр, мен саған бір тамаша көрсетейін, — деді көпірге қарай бұрыла беріп, — әне бір қарсы беттегі бүрлі теректі көресің бе, соның түбінде бейне адам қолынан жасағандай, аппақ тас орындық бар. Қариялар оны «әулие тас» дейді...

Осы кезде сылдырап аққан өзен суына қарап келе жатқан Есім, оның түбіне түскен маржан көрінерлік тұнық суына қызығып қалған еді. Фатиманың сөзін естіп, арғы бетке қарағанда, оқшау өскен бүрлі теректі көріп, «ақ тас» деген сөздерді іштей қайталады...

Міне, олар ақ тасқа келді. Қанатын кең жайған бүрлі теректің түбінде екі адам ғана сыйып отырғандай ақ тас орындық. Есім өте қызыққандықтан ба, әлде тұңғыш рет көргендіктен бе, ақ тасқа еңкейіп, оның жылытыр бетін сыйпап еді, қолына тас сыяқты емес, жұмсақ, майда барқыттағы сезілді.

Оймақтай бұлтсыз көгілдір аспан етегіне шашыраған күн шұғласы, «менің таңертең арайлап шығуым қандай қызықты болса, батарда қалдырған ізім одан да қызықты» дегендей сезіледі.

Олар бұдан кейін де осы бүрлі теректің жауына талай рет келген, осы ақ тастың үстінде талай рет лақша ойнақ салған. Бірақ барлығынан ыстық, барлығынан жақын сол алғашқы минуттары еді. Қашан, қайда болса да естеріне ала жүретін, алыстан өткенге үңіле қарағанда да осы бір елеусіз орын оларға өмірлерінің бейне үлкен белесіндей көрінетін... Қол бұлғап шақырып тұрғандай әсер ететін...

... Оларды қазір де асықтырып келе жатқан осы сезім. Бірінің қолтығынан бірі демеп, өрге қарсы өршелене басып келеді...

Міне, олар жарқабаққа көтерілді. Алғашында көгілдір күмбездей болып көрінген үйреншікті кәрі терек. Оның жас жапырақтары әлдеқандай қуаныш сырын білдіргендей, кешкі жел лобімен тербеледі. «Сендердің өмір сырларыңның барлығы сол қалпында сақтаулы, келіңдер, келіңдер» деп тұрғандай көрінді Фатимаға.

Ол осы кезде ғана Есімнің көзінің жоқтығын күйзеле еске алып: «Амал не, ол енді алдындағы бүрлі теректің де, құшағында асыр салып өткізген өзен бойында, барлығын, барлығын да көре алмайды, ол енді осы жағалауды баяғы өзі көрген қалпында ғана... Тілмен қалай айтып жеткізерсің... іштей түсінуге тиіс...

Фатима жүрісін бәсеңдетіп келіп тоқтағанда, Есім әлденені іздегендей қолын алға созып:



— Жаным Фатима, біз ақ тасқа жеттік пе, алдымнан сол теректің исі аңқыды, көне бір бұтағынан ұстатшы маған...

— Келдік, келдік, міне,— деп Фатима көрі теректің бір жас бұтағын иіп Есімнің қолына ұстатты. Ол бейне бір қасиетті дүниенің алдында тұрғандай әр жапырағын ұстап, танауына таяп қайта-қайта иіскей берді. Бір кезде ол тәжім істеген адамдай еңкейіп, ақ тасты іздеді... Бір шетіне қолы тиді...

Оның әр қыймылына көз жазбай қарап тұрған Фатима, ақ тастың ірге жағын сыйпалап, бейне көретін адамдай үңіле сығалап жүргенін байқағанда, әрі түршіге, әрі таңдана ол да еңкейді.

— Жаным, қарашы өзің, мына менің сұқ қолымның астындағы бедерді оқышы. Көріп тұрсың ба, оқышы, дауысыңды шығарып оқышы...

Бірақ осы кезде Есім өзі көріп оқығысы келгендей ақ тастың сыртына балалық қыймылдармен шөге түсіп, үңіле бастады. Көп үңілді. Ол бір кезде қалтасынан кішкентай ақ жібек орамалын алып көзін сүртіп тағы үңілді...

Фатиманың көзі оның әр қыймылында. Біресе оның қолына, біресе көзіне қарайды. Бірақ оның ақ тастың көлеңке жағына үңілген көзі көрінбейді. Бірде оның дене қыймылдарына ерекше сергектік пайда болғандай, қолындағы орамалымен ақ тастың шаң басқан ірге жақ жақтауын сүртіп-сүртіп жіберіп:

— Бәтен, сен сенесің бе, мен өзім оқып тұрмын. Міне, қарашы, мына жерге «1937 жылы 22 май» деп жазылған. Одан төмен «Фатима — Есім,» сенбессең өзің оқышы.

Фатима да үңілді. Әлгі сөздерді оқыды. Бірақ «бір кезде өзі ойып жазған сөздерді қазір көргендей болып тұрған өмір құмарлығы болар» деп ойлады.

Ақ тастан басып көтерген Есім «көзім шынымен көре бастады ма?» деген кісіне бой жазып, өлке бойына үңілді. Әлде қайда алыстан тау сағасындағы қодыр үйлер бейне тұманды кештегі көріністей буылдырлашып көрінсе де, бірте-бірте сол тұман қоюланып барып, қараңғылық шымылдығы қайта жапты.

Ертеңгі сағымдай жалт етіп өшкен жарық сәуле Есімді өкіндірмеді. Көңіліне қуаныш сезім беріп, «бүгін болмаса ертең көрермін, көз жанарым мүлде өшпеген екен» деген сенім саңлауын нұсқап өтті.

Оның осы минуттардағы батып бара жатқан күн шапағымен нұрланып, күлімдеп көрінген көңілді жүзіне көз тоқтатып тұрып қалған Фатима да оның қуанышын үнсіз түсінгендей оң иығынан қолын асыра салып:

— Есен, сен шынымен көріп тұрсың ба, қарашы, қандай тамаша, осы бір өзіміз туып өскен кішкентай бұрышты басқа ешбір өмірге айырбастамаған болар едім, шіркін, туған жер!



— Я, туған жер! — деп Есім әлгі ақ тасқа отырғысы келгендей тізесін бүгіп, қолын кейін соза бергенде Фатима оны қолтығынан алып, сүйемелдеп келіп отырғызды.

Фатиманы қолтығынан алып, орнынан көтеріле беріп:

— Жанына жараның зардабы батпаған адам жаралыға күледі,— дейді солдат мақалында, бірақ біз көрген ауыр зардапты сен де бірге тарттың. Бүгін де менімен бірге күйзелген боларсың. Тілегім: сен күйзелме. Сен күйзелсең, мен екі есе күйзелемін. Сен маған айналамды өзім көріп тұрғандай әсер ете біл. Мен әлі сенің көрмеген жеріңді мен көргендей әсер етермін. Жүр, кеттік. Мені баяғы өзіміз осы жар қабағынан ойнақтап жүгіріп түсетін тік жолмен алып жүрші.

Олар алдарындағы өзен жағасына келіп тоқтағанда, Есім барлық балалық даусымен шаттана сөйледі:

— Бәтен, әлгі жарға енді бір қарашы, мені көзі жоқ деп кім айтады. Екеуміз бірге жүрген жерде мені ешқандай өмір өткелдері қауіптендірмейді. Біз әлі талай ылдилардан түсіп, талай өрлерге шығамыз...

### КӨРІКСІЗ ТЕРЕК

Бір кісі терек тіккен құмарланып,  
Мәнісін өсірудің білмей анық.  
Отырды «бұтағанның жөні осы» деп,  
Бұтақтан түк қалдырмай отап алып.  
Тиген соң бір өзіне қорек-азық,  
Жуандап, менмен бойын көкке жазып,  
Бұтақсыз, жапырақсыз тұрды терек,  
Секілді құр белгіге қаққан қазық.

Ш. Смаханов.

# ОЛАР ЕРЛІК ТУРАЛЫ СӨЙЛЕСТІ

(Бір жыйында)

VII-«Б» класындағы 22 оқушының бүгінгі жыйында ортаға сап, талқылап отырғаны — Совет Одағының батыры Алексей Маресьевтің «Пионер» журналында басылған «Ерлікке тәрбиелеу» дейтін мақаласы. Мұны отряд вожатыйы Ғалия әсем үнді даусымен, бар нақысын тауып, мәнерлеп тағы да бір оқып шықты. Балалардың өздері де үйде қайталап оқып, ой толғап, жыйынға әзірлікпен келген. Әрбірінің өз ұғымы, көңілге түйгені бар. Тек әуелгі сөзді кім бастар екен? Ол құрбыларының көкейіндегіні дәл таба ма?

Оқушылар сәл кідіріп қалып еді. Біреулері өзара күбірлесіп, пікір алысып жатыр. Осы кезде орта тұстағы партада отырған Жанымхан Жағыпаров қол көтерді де, өзгеден бұрын сөз алып шапшаң басып алға шықты. Қолында бір жапырақ қағазы бар. Кіріспе сөзін соған түртіп алған, әуелгі айтарын сол жазғанын оқудан бастады. Құрбылары бұған түгел бұрыла қарасып, сөзін бақты.

— Мен мына оқыйғаға айырықша көңіл аударамын. Менің ойымша мынадай, — деп Жағыпаров басын жоғары көтере сөйлеп, отырғандардың назарын өзіне бұрып алды. — Алексей Маресьевке хат жазған бала өздерінің шыдамдылыққа қалай тәрбиеленіп жүргені туралы дұрыс айтқан. Жолдасы оның қолын есікке қысады да, ол бұған шыдап, төзеді. Бұл нағыз шыдамдылық. Түбінде сол бала Маресьевтей батыр болады. Маресьев самолеттен құлап, аяғы сынғанда, қалың орман арасында бірнеше күн жалғыз жатқанда қыйындыққа қандай төзді? Бала дұрыс айтады: қазір қолы қаншалық есікке қысылып ауырса да, ол төзді, өскенде де ол қыйындыққа төзгіш ер болады.

Жағыпаров бұл сөздерін қағаздан оқыған жоқ, жолдастарына қарсы қарап тұрып, өзінше әбден дұрысқа санап, нықтап айтты.

Отырған достары томсара тындап, оның сөзіне қосылмаған ажар танытқандай. Жанымхан осы күйді тез аңғарып, соңғы сөйлемін нығыздап қайыра қайталады. Оның

сөзін мүлде теріс көріп отырған Арғынғазы шыдамай кетіп, Жанымханның сөзін бөліп:

— Ондай бала өскенде де ешқандай батыр болмайды, — деп көлденең киліге кетті.

Ол Жанымханнан соң іле сөйлемек еді. Бірақ онымен жарыса көтерілген қолдар көбейіп кетті. Кезекті алдыңғы партада отырған талдырмаш қыз Жөкен алып кетті. Арғынғазы бұған қызарандап қалды, шыдамы таусылып, әрең төзіп отыр.

Жөкен сөзі мұның ойынан шықты. Дәл көкейінде тұрғаны айтылды.

— Есікке қолын қысқан баланың ісі нағыз ерлік пе? Жоқ, жалған ерлік. Рас, денені түрлі қыйындыққа тосып, шыдауға болады. Оған дене ғана шынығады. Ал, нағыз азамат болу үшін, Маресьев айтқандай, ақыл-парасатты, ой-сананы шынықтыру керек. — деді Жөкен Қаблетова.

— Өте дұрыс! — деп Арғынғазы бір көтеріліп отырды. Қуанып қалды. Жан-жағына қарады. Басқалар да Жөкен сөзін құптағандай күлімсірейді. Жалғыз Жанымханның ғана қабағы жабынқы.

Арғынғазы Әділханов өзіне сөз тигенде әуелі Жанымханға тиісті.

— Жанымхан, сенің айтқаның дұрыс емес. Біліп қой мұны. Бұл бірінші, екіншіден, есікке қолын қысқанға шыдау, немесе, қасақана бір тәулік бойы ас ішпей қоюға төзу ешбір ерлік емес. Күнделікті кездесетін қыйындықты жеңу үшін еңбектеніп отырған кісі ғана нағыз ер бола алады. Өйткені қыйындықты жеңу үстінде ол жеңудің жолын табады. Нағыз шынығу деген осы, — деді Арғынғазы.

Бұдан әрі ол ерлік жайындағы өз ойларын білдірді. Оның көпті көрген кісілерден естіп, жадына тоқығандары, түрлі кітаптардан оқып білгендері бар екен. Соларын анық етіп қыйсындыра сөйледі.

Шынында, Жағыпаровтың ойлағанындай, кейбір жас өспірімдердің жалған әрекетті ерлік деп теріс түсінетіні бар. Денемізді, организмimizi қыйындыққа шыдату, әрине, жақсы. Онда дене де сау болады. Гимнастикамен ұдайы шұғылданып, салқын сумен жуынып жүрсе суық та тез тимейтін бола-

ды. Бұлар негізінен, денсаулықты нығайту әрекеттері. Ал, ерлікке жету үшін бұлар жеткіліксіз, бойға сіңген нелер асыл қасиеттер болуы керек. Ерлік те, өнеге де сол асыл қасиетке ие адамнан шығады. Табысқа жетудің, аброй алудың, даңқ шығарудың кілті де сонда. Асыл қасиеттер бойға бірден келіп сіңе қалмайды. Мұны бойға дарытуға жас-тан дағдылану керек. Бүгін таңғы өз міндетін терең түсініп, саналы атқарған жас, бүгінгі күннің қыйындығын жеңе білген жас ертеңгі күнде де жақсы қасиеттің несі болары ақыйқат.

Жыйында пионер Құттыбек Мұсаханов өзінің өткен жылғы жағдайын қып-қызыл боп қатты ұялып айтты.

— Былтыр жыйын сайын, жыйналыс сайын менің атым аталатын. Өйткені мен жаман оқыдым... класымда қалып қойдым.— деп ол күмілжіп төмен қарады. Сәл бөгеліп еңсесін қайта көтерді де, ол құрбыларына күлімсірей қарап сөзін ілгері созды.

Қатар құрбылары 8-класқа көшкенде өзінің былтырғы орнында қалып қойғаны Құттыбекке жеңіл тимеген. Ол мұңайды, жабырқады, оңашада жылап та алды. Жаңа оқу жылында оның кластас жаңа құрбылары көмекке келді. Жылы құшақ ашты. Құттыбек бұл достарына үлгілі оқып, өнегелі болуға серт етті. Сөзінде тұрды. Быйылғы оқу жылының 1-тоқсанының қортындысында ол жақсы оқушылар қатарына қосылды.

Оның былтырғы жылы «з» ке қолы жетпеген сабағы алгебра еді.

— Быйыл ең алғаш сұрағанда осы пәннен «үш» алдым. Келесі жолы көбірек әзірленіп, кейбір шала ұққан жерімді балалардан сұрап, түсініп ем, мұғалім жауабыма «төрт» қойды. Одан келесі жолы «бестің» өзіне қол жетті,— деп Құттыбек жыйын алдында қуанды.

Міне, көрдіңіз бе, ол зейін қойып еңбектеніп еді — табысқа жетті, қыйындыққа шыдап бағып еді — жеңіп шықты. Құттыбектің бойында бұрын жоқ жақсы бір қасиет пайда болды.

7-«Б» класында, быйылғы 1-тоқсанның қорытындысында, пионерка Бағила Мұхамиеваның есімі үлгермеушілер қатарында аталды. Бұл класқа, коллективке тағылатын мін рой. Құттыбек жыйында өз жағдайын жария етіп тұрып, осы құрбысына өз талабын үлгі етіп тартты.

— Денің сап-сау. Мойындашы, сен де төзесің. Қыйындыққа шыдашы, сен де жеңіп шығасың,— деді.

Жыйынға аға пионер вожатый Балқия Сағитова да, осы кластың жетекшісі Сафура Оранхаева да, мектеп директоры Болысбек Оспанов та қатысып, оқушыларды еркін сөйлетіп, сөзге араласпай сырттарынан ғана қызыға бағып отыр.

— Дұрыс сөз. Ерлікке жеткізер жақсы қасиеттер осындайдан құралып, шыйрай бермек,— деп класс жетекшісі Құттыбектің



Талдықорған облысының Қаратал ауданындағы орта мектептің оқушылары памирдан, қырдан, арбыз бен қауыннан көп өнім алды. Оқушылар Қаментерин атындағы колхозда жүгеріні шаршы-үя әдісімен екті. Сөйтіп бұлар жүгері өгісінің әр гектарынан 50 центнерден өнім алды. Оқушылардың өңбегін бағалап колхоз басқармасы ол мектепке 4 комплекті ауылшаруашылық саймандарын сыйлыққа берді. Олардың ішінде күректер, тырнауыштар, жер ұнтағыштар бар. Бұл орта мектептің оқушылары үлгілі өңбектері үшін бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысты.

Суретте: оқушылардың колхоз басқармасы сыйлыққа берген саймандарды қарап тұрған кезі.



Оқушылар Валя Рябова мен Лиля Зайконың будандастырылған жүгері тұқымын көріп отырған кезі.

Суретті түсірген П. Редько.

сөзін құптап, пионерлеріне көзілдірігінің үстінен күлімсірей көз салды.

Пионер құрбылардың ерлік, батырлық жайындағы сөздері қыза дамып, өрши түсті. Әңгіме тақырыбының өрісі де кеңейіп сала берді. Олар бүгінгі күнде, өздерінің мектеп қабырғасында оқып жүрген қазіргі шақта қыйыншылықты қалай жеңудің жолдарын талқылады. Озық оқып, үлгілі болу үшін күрес — бұл да ерлік. Бүгінгі жақсы оқушы — ертеңгі жақсы азамат. Өзінді өзін жақсы дағдыларға үйрету, өнегесіз, теріс қылықтардан арылуға ұмтылу — бұл да ерлікке апаратын жол. Мінінді, кемшілігіңді жолдас алдында жалтармай мойындау да ерлік. Мүмкін, қазірде мұның бәрі ұсақ нәрсе сыяқты көрінер, «осының несі ерлік?» деп таңырқаушылар да болар. Бірақ үлкен батырлық адам дүниесінде осындай «ұсақ»

көрінген нәрселерден тірнектеп қалыптасатынын біліп қою пайдалы.

— Менің бір жаман әдетім бар. Қласта тыныш отыруға кейде шыдамым жетпей қалады. Сабақ үстінде жыбырлап қоятыным бар. Көршім жауап бере алмай қалғанда оған сыбырлап айтып жіберуге үйірмін. Бұл, әрине, нашар әдет. Бұдан арылуға бола ма? Болады. Бұл үшін тек төзім керек. Алдағы уақытта төзімді болуға тырасамын,— деді пионер Бірімбай Тұрғанбаев.

Оның бар айтқаны осы ғана. Жолдастары кезек-кезек сөйлеп жатқанда өзі үнсіз ғана тыңдап отырған еді. Отряд советінің председателі Қасымжанова Күпіш «кемшілікті мойындау да — ерлікке жатады» дегенде, Бірімбай елең ете қалды. Әлгі сөз осы түрткіден туғанды.

Бірімбай орнына жайлап барып отырғанда, әлгі айтқан сөзім дұрыс па өзі, деп ойланып қалды ол. Бірімбай сұңғақ бойлы, өткір қара көзді, жыпылдап шапшаң сөйлейтін құрбысы Гүлсім Оразханованың сөзін естіп тез сергіді, жымыйып күлімсіреді. Өз сөзінің туралығына көзі әбден жеткендей. Гүлсім Нұрғайша дейтін сабақтас көршісінің бір қылықтарын ерсі көреді. Нұрғайша ұялшақ болу — әдептілік деп түсінеді. Ол оқытушы сабақ сұрағанда, басын жоғары көтермей төмен қарап сөйлейді. Қаттырақ сөйлеуді, сөйлеп тұрып мұғалімге туралап қарауды Нұрғайша әдепсіздік деп санайды. Ол өз жолдастарының алдында да қызарып, ұялып, қысылып сөйлейді.

— Осы жақсы мінез бе? — деді Гүлсім. Отырғандарға ілесіп,— Жоқ, жақсы мінез емес. Бұл нашар әдет. Қызыл галстук таққан пионерге тіпті ерсі қылық.

Ал, осындай ерсі қылық, ұнамсыз әдеттерден бойды тез арылтып алу оңай ма? Жоқ, бұл үшін де табандылық, жігерлілік, төзімділік керек. Сабыр сақтауға үйрену керек. Сөйтіп, жаман дағдылардан аулақ болып, өзінді жақсы-жақсы қасиеттерге үйрете білсең,— мұның өзі де ерлік емес пе!

Я, осылай достар, сыпайы мінез, жағымды қасиет, алғыр талап, уытты қуат дегендер күнделікті өмірде кездесетін қыйындық-кедергілерді жеңіп отырғанда ғана туып адам бойына қалыптасып, нығая бермек. Өз жыйынында 7-«Б» класының пионерлері осы туралы сөйлесті.

**Н. Ғабдуллин.**

Абай атындағы қазақ орта мектебі,  
Алакөл ауданы, Талдықорған облысы.

## АЛҒАШҚЫ АДЫМДАР

### САПАР

Неге бүгін бар назары  
Маратқа ауды үй ішінің?  
Неге десең ашпақ тұңғыш  
Есігін ол біріншінің.  
Таңертеңнен таппай тағат,  
Әжесі оның жүр қасында.  
Қарның ашып қалады деп,  
Тоқаш салып сумкасына.  
Марат — бүгін үлкен кісі,  
Күледі сол әжесіне:  
— Кітабымды былғамасын,  
Салдың соны... ой, несіне?..  
Көз қыйығын тастап еді,  
Бұрышта тұр «арғымағы».  
Рұқсатсыз інісі оған  
Қарғыш мінді барды дағы.  
Ұрсар еді әшейінде  
Марат,—

өйтсе інісіне.

Оқушы ғой енді ол бірақ,  
Ойыншықта жұмысы не?!  
Шыққандай-ақ жолға алыс,  
Өзі ойлап көрсе ол енді:  
— Сәтті сапар — дейді бұған  
Аула ішінде көршілері...  
Жылы ұшырап өзіне ауған  
Сезді Марат жұрт пішінін.  
Неге десең, ашты бүгін  
Есігін ол біріншінің!

### КЕЗДЕСУ

Ақырғы рет соғыш өткен  
Қоңыраудың үні тынды.  
Біріншінің балалары  
Күтіп отыр мұғалімді.  
Ашылды есік...

Мұғалім кеп

Амандасты балаларға.  
Аңдаусызда сонда Марат  
Сөйлеп қалды:

— Сәлем, аға!

— Дыбыстамай, тұру керек,—  
Деді ұстаз күле қарап.  
Бірақ зілсіз осы сөзге  
Қып-қызыл боп кетті Марат.  
Сонан кейін... жаңылысып  
Кетем бе деп тағы текке,  
Сынып кетер дегендей-ақ,  
Партаға да отырды ешпен!

Әліппені ашты Марат,  
Әріп сыры емес анық.  
Қуанады бірақ кенет,  
Суреттерді көрсе таңып.

Әжем айтқан қу түлкіні  
Қарай гөр сен мына тұрған.

Арыстанға күле қарап,  
Не сөйлеп тұр бұл антұрған?!  
Үш самолет бұлыңдайды,  
Терістікке тура қарап.  
«Қайда бұлар заулады екен?  
Мен де барсам!...» — дейді Марат...  
Әліппенің алғы бетін  
Ұстаз кенет сөйледі ашып,  
Елестетіп ұлы Отанның  
Жасылуын, көгін ашық!..



### ТАПСЫРМА

«Жазып кел,— деп,— «А» әріпін»,  
Оқытушы тапсырды.  
Әуре болды ол жаза алмай,  
Білгін болсаң, тап сырды?

### АЛҒАШҚЫ ҚАР

— О алақай, о алақай!  
Жақсы еді дала қандай! —  
Жұрт оянар деп ойламай,  
Айқай сап тұр інім Жаңай.  
Жатқан едім ұйқылы-ояу,  
Басымды алдым тез көтеріп.  
Терезеге бардым таяу,  
Теректегі қарды көріп.  
Сыйдыйып тек өзі қалған,  
Жапырақсыз ұзын терек,  
Түнде жауған тұңғыш қардан  
Жамылыпты ақша желек.  
Жаңай жүзі күлімдейді,  
Келгендей-ақ күткен уақты.  
Әбдіренің түбіндегі,  
Конькиін де тауып апты.  
— Сағынып ек,— деді інім,—  
Ақша қарды, аяз, қысты.  
Күндегідей енді бүгін,  
Күтпеспін де автобусты.

ӘБРАШ ЖӘМШЕВ.

«А» сын қара мына бір  
Тұмсығындай бұзаудың.  
«Мазақ қылар балалар,  
Мұны өзім-ақ сызамын».  
«Көңбес,— деді ол,— ешкімге,  
Мұндай қыңыр тапсырма!»  
Қай баладан кем еді,  
Өзіне мін тақсын ба?!  
Көздемей-ақ сақ еткен  
Нысанаға «нағаны»  
Марат еді бұл кеше,  
Сала алмайды неге «А» ны?!  
Жылтыр мұздай қағаздан  
Тайып кетсе қаламы,  
Құлағандай конькидан  
Секем алып қалады.  
Стол үсті лық толды  
«А» ны салған қағазға.  
Жат демесе әжесі,  
Тоқтар түрі жоқ азға...

Мұғалімге көрсетті  
Тапсырмасын Марат та:  
Бір-бір «А» бар шетінде  
Жүзден аса парақта.  
— Неге тұтас дәптерге  
Жазбағансың, шырағым?  
— Жазғандарым жаман боп,  
Жыота бердім, мұғалім!  
— Қайталама мұныңды,—  
Субытса да деп өңін,  
Бағалады ол Мараттың  
Сәтсіз, ұзақ еңбегін!

### ЖАЗЫЛМАҒАН ХАТ

— Оқып жүрген ұлымыз  
Бар дейміз ғой, жә осы,  
Хат жазып бер,— деді оған  
Бір күні кеп әжесі.  
Шара қайда Маратқа  
Әже тілін алмасқа!  
«Аса ардақты көруші...—  
Деді әжесі...

— Ал баста!»

Салды Марат «А» әріпін,  
Әсем болып бұл шықты.  
Бірақ «С» ны білмеді,  
Қара мына қырсықты!  
— Өткен жоқпыз мұны біз.  
— Баспаймын де әріге!  
— Білмейтінім шаштан көп,  
Оқымасам әлі де!

ТӨЛЕУЖАН ИСМАИЛОВ.





## БІР РЕТ АКТЕР БОЛЫП ОЙНАҒАНМЫН

Н. ТИХОНОВ.

Бала кезімде мен Қаракөлдегі дачада тұрдым. Онда бала көп болатын-ды, біз алуан түрлі ойындарды: соғыс ойындарын және индиялықтар, цыгандар боп ойнайтынбыз.

Төбелес насырға шаба бастаған кезде, шешелеріміз арашаға түсіп, бас сотқарларды жанжал ішінен құлақтан жұлқылап шығарып жіберетін.

Ақырында ойын атаулының бәрі бізді жалықтырып жіберді де, енді не істерімізді білмей дал болдық. Ішіміздегі бастаушымыз Паша деген бала еді. Ол бізден гөрі естияр болатын. Пашаның білмейтіні де, қолынан келмейтіні де жоқ-ты. Оны біз қышқыл ши мен бавария квасының профессоры деуші едік.

Паша балаларды жыйнап алып, ойын қояйық деп ұсыныс жасады.

— Ал, қандай пьеса бар? — деп сұрады балалар.

— Пьеса ма, оны өзіміз жазамыз, — деді Паша. Бұл баршамызға да ұнап кетті.

Пьесаны жазуға бәріміз түгел кірістік. Бірақ оны жазарда ірі-ірі таластар туды. Қыздар пьеса саяқатшылар жайында болсын деді, өйткені олардың тағы адамдарша би билегісі келді. Олар билеуге өте ынтызар еді, сондықтан олар пьесада би болуын қолқалады.

Ал, балалар пьеса соғыс туралы болсын деген тұжырымға келді. Бұ кезде Япониямен соғыс жүріп жатқан болатын, сондықтан балалардың баршасы айқас туралы, қаһармандық туралы қыялдайтын.

Паша іштеріндегі ең бас көтерері бола сөйледі:

— Біз «Севастополь қорғаны» пьесасын ойнаймыз.

— «Севастополь қорғаны» деген не ол? — деп сұрады Пашадан бәрі жабырлап.

Паша пьесаның мазмұнын — түрлі халықтардың Россияға қалай шапқыншылық жасап, Севастопольді айналдыра қамап алғанын тігісін жатқызып айтып берді. Ол адмирал Корнилов пен адмирал Нахимов жайында әңгіме айтты, бұл пьесада атыс көп болатынын, қыруар адам өліп, жараланатынын әңгімеледі.

Паша пьесаны қайдан алғанын айтпады. Ол мұндай ғажайып пьесаны халық үйі сахнасынан көрген-ді, оның мазмұны жадында жақсы сақталыпты. Біздерге, балаларға, мұның бәрі қатты ұнады, ал қыздар:

— Сендерге қызық, өліп жатасыңдар, ал біз не істейміз? — деп шулай бастады.

— Сендер сестра милосердия боласыңдар, бізді күтетін боласыңдар. Сендердің ақ алжапқыштарың, омырауларыңда, жеңдеріңде қызыл крестерің болады.

Қыздар келісті.

— Бұл біздің қолымыз екен, — деді, — ал тек бір сұрауымыз бар. Соғыстан соң біз билейтін боламыз ба?

— Соғыстан соң біздің баршамыз билейтін боламыз, бенгаль отын жағамыз, — деп уәде берді Паша.

Жұмыс қыза түсті. Қыздар мұрындарынан шаншылып өздеріне қызыл кресті алжапқыш тікті. Ал, балалар ескі-құсқыдан эполеттер істеді, ағаш мылтық, пистолет жасады, уақ-түйектер дүкенінен көп пистон сатып алды.

Спектакльге тіпті балалардың аналары да, — баршасы қуанды, өйткені осының кезінде төбелес атымен қойылды. Оған мұршалары да болмады. Балалардың бәрі елкезек боп кетті, өйткені ең үлкен бас бұзарларын: егер олар тентектік жасаса, спектакльге жіберілмейтіні аллын ала ескертілді.

Кім қай рольді ойнайды дегенге келгенде, кикілжің де болмай қалған жоқ. Әрқайсысының батыр болып ойнағысы келді, ал пьесада герой онша көп емес еді.

Балалардың ішіндегі ең ойынқұмары менің қолым бас кейіпкер роліне жетті. Жалғыз-ақ мен Корниловтың ба, я Нахимовтың ба, қай-

сысын ойнағаным қызық боларын біле алмадым. Бірақ Паша таныстықпен Корниловты ойнауға кеңес берді.

Ол маған:

— Түсінсейші сен, рас Нахимов бас кейіпкер, бірақ ол әншейін жалп ете түседі, өйткені ол оқтан қаза табады, ал сен Корниловты ойна, өйткені ядро сенің қарныңа кеп тиеді. Бұл қандай жажап,— деді.

— Ал, сен ядроны қалай жасайсың? — дедім мен сәл хауіптеніңкіреп,— тым онша ауыртпас па екен?

— Ядроны өзім жасаймын,— деді ол.— Қорықпа, мерт қылардай жағдайға келтірмеспін.

Ол Корниловты ойнауға мені көндірді. Үстіме киген қара пиджағым кең пальто секілді қолапайсыз еді. Иығымда оқалы үлкен эполет, белімде ағаштан жасалған үлкен кездік. Қынның орнына оның қара матадан қаптаған пиналы бар. Басыма кигенім гимназиялықтардың фуражжасы, оны бір таныс гимназист сыйлап еді. Жалғыз-ақ фуражжаның маңдайындағы күміс қаламұшты белгіні алып тастап, оның орнына дөңгелек кокорда қададық.

Сонсоң көмірмен бояп ұзын мұрт жасадым, бірақ Паша:

— Мұртыңды басыңқыра, сен Тарас Бульба емессің, генералсың ғой,— деді.

Біз өзімізге спектакль қоюға берген үлкен террасада ойнадық.

Көрушілер дегенде есеп жоқ. Қара-құрық адамды көргенде, ойнаушылардың бәрі сондай желпіне ойнады, сахнадағы айғай-шу қымқыйғаш. Олар атысты үсті-үстіне үдетті, дауыстары қарлыққанша айғайлап жер-көкті басына көтерді.

Бәрінен де көп даурыққан мен болдым, сонда да көңлім бір көншімей қойды. Сахнада қамалдың бейнесі жасалды. Орындықтардың үстіне төсеуіш төседік, ал самовар трубаларын зеңбірек етіп көрсеттік. Атылған оқтың түтіні төбеге будақтады. Террас жабық еді.

Мен қамалдың үстіне шығып:

— Жолдастар, бізге шегінер жер жоқ,— дедім де, көрушілер отырған бақ жақты көрсеттім.

Менің бұл сөзіме олар қарқ-қарқ күлді.

Мен ыза боп кетіп, кортигімді түзеп қойып бақ жаққа бұрылып «есалаңдар!» дедім ақырын ғана.— Сөзімді тағы да қайталайын деп едім, бірақ Паша декбірсіздік жасап, ойламаған жерден қара қағазбен желімделген дәу доппен ішіме періп жіберді. Аңғал тұрғанымда мен жалп ете түстім.

Мені көтеріп сүйрей ала жөнелді. Қыздар қоршап алды, омырауларында крестерін жұртқа көрсете, жылаған кісіше көздерін орамалдарымен сүртіп жатыр.

Мені ерте өлтірді деп наразылық білдірейін деп едім, бірақ «Өшір үніңді» деді Паша сыбырлап.

Мені сүйретіп әкеп, балкондағы еденге лақтыра салды, ал өздері түгелімен сахнаға қайта шықты.

Даң-дүң, айғай-шудың ішінен Пашаның «Адмирал Корнилов қаза тапты» деген дауысы құлағымға шалынды.

Мен өте қызба бала болғандығымнан өзгердің сахнада ойнап жатқандарын көрген соң, Зүйірім қызып отыра алмадым. Оның үстіне айнадан иығымдағы сәнді генерал эполеті көзіме түскенде, тіпті шыдай алмадым. Жалпы алғанда, өзім жаман сыяқты емеспін, тек бір жақ мұртымдағы күйе сүйреп әкеле жатқанда бетімді күйсепті. Жоқ, мен көз сүзіп бос отыра алмадым. Бұрышта бос жатқан спортшылар балғасын алып, жараланған мүгедек адамдай, сол балғаға сүйеніп, сахнаға шықтым.

Бақтағы көрушілер тағы да қарқылдап күлді. Қарасам, баса даурығып отырғандар — бағанағы өзіміз ойынға кіргізбей қойғандар екен.

Сахнадағылардың баршасы аңырып тұрып қалды, өйткені олар менің тосынан шыға қалғанымға қысылды. Бірақ мен:

— Ағат іс болды. Адмирал Корнилов өлген жоқ, ол тек жараланды,— дедім. Өзімнің бүлдіретінімді біле тұра тағы да ұрысты басқарғым келді. Тағы да айтайын, ойын десе жанып кететін едім, мен ондайда ештеңеден іркілмейтінмін де.



Ал, Паша менен гөрі қулау болатын. Ол бір сәтке ғана абыржып тұрды да, іле-шала өзінің қара қағазбен желімденген сойқанды футбол добын алып, бар пәрменімен маған қарай жіберіп қалып еді, мұндай пәлеге тап болам деп күтпеген ем, қайтадан сылқ ете түстім.

— Енді ол біржола жан берді, — деп дауыстап алдымен жүгіріп келген сол Паша болды.

Енді мені алғашқыдан гөрі қалай болса, солай сүйрете жөнелісті, ал қыздар жыламағаны былай тұрсын, қайта күлкіге булығып өліп келеді.

Тағы да балконға лақтыра салынған мен теріме сыймай барамын, ойым да шым-шытырық бірдеңе боп кетті. Мұрнымды ащы түтін жарып жібере жаздады.

— Балалар, атысты саябырлатсаңдаршы, тұншығып кетерсіңдер, — деген бір ананың сөзі де құлағыма шалынды.

Ойынның ақыры қызықты бітетінін білетін ем, сондықтан «Менің нем кетеді», — деп қайтадан, үшінші рет сахнаға шығуға ұйғардым.

Ал, бірақ Паша менің ниетімді сезгендей, жүгіріп кеп:

— Сахнаға енді шығушы болма! — деді.

— Неге? — дедім мен. — Сендер ойнағанда менің еденде сұлап жатуым керек пе. Үшінші рет те өле алмаймын ба?

— Өле алмайсың, — деді Паша. — Делқұлы! Батыр үш рет өле ме екен, батыр бір-ақ рет өледі. Сен екі рет өлдің, егер сен үшінші рет шықсаң, онда батыр емессің, есуассың. Бұл цирк емес, спектакль, түсінесің бе, кеше?

Төбемнен жай түскендей отырып қаппын. Шынында, Пашанікі дұрыс қой! Қалай үш рет өлуге болады. Батыр бір-ақ рет өледі ғой — ол шын...

Бұл жанымға қатты батты, бірақ істер лаж жоқ. Сол жерде мен жөке эпалетты пиджакты үстімнен сыпырып тастап, кортик пен фуражканы шешіп, артқы есікпен баққа шығып, көршілердің арасына келіп отырдым.

Ойын артынан барлығына ду қол шапалақтағанда, жұрт:

— Е, Корнилов қайда? — деп дауыстады.

Мен әлде неге екені белгісіз, қатты ұялдым, бірақ мені күштеп тұрғызып, көпшілікке бас идірді.

Ал сонсын бенгаль отын жағып, барлық бала би биледі, қыздар жұрттан бетер секіріп билеп жүр, бірақ омырауында қызыл крест бар алжапқыштарын еш тастағылары келмеді.

Аударған Т. Ақшалақов.

ЗЕЙНОЛЛА ШҮКІРОВ.

### «ШӨЛДЕДІМ»

Үйге Гүлсім күндегіден кеш келді,  
Еңбектен де ол ойынды хош көрді.  
Үш күн бойы бір көрмепті —

шарбақта

Өзі өсірген гүлін жаңа ескерді.  
Жас гүлдері жапырағын сәл жайып,  
Кейбіреуі бүрісіпті, сарғайып,  
Балапандай үрпіскен бәрі де, —  
Тоңды деуге үйдің алды сондай ық...  
— Үш күн бойы бір келмедім,

көрмедім.

Құрығаны-ау көктемде еткен еңбегім...  
Қызғалдақтар қарағандай мұңайып  
Деп Гүлсімге: «шілде түсті, шөлдедім...»

Арал ауданы.

### ПАТЕФОН

Қоңыр салқын кеші еді бір көктемнің  
Бала кезде қызықтарым көп менің  
Қараңғылық түсті бір кез сонда да  
Көрші атайдың үйінен мен кетпедім.

Қарай бердім патефонға қызығып,  
Қалайша бұл ән салады сызылып?  
Қайта-қайта үңілемін ішіне  
Қуысында отыр ма деп қыз бұғып.

Түсінбедім. Ән ырғағы тамылжып,  
Кілт тоқтады... атай қатты абыржып,  
Кетті-ау деді пружинасы үзіліп  
Мұңайдым мен түскендей нақ ауыр жүк.

Әр күн сайын он барамын, он келіп,  
Патефон да бітер емес өңделіп.  
Көрген сайын сұраймын мен атайдан  
— Өлеңші қыз жатыр ма әлі емделіп?

Қанапия ДӘРІБАЕВ.


Қызылорда.

### «ЗИМ»

Село көркін қызықтадым отырып  
Көңіл шіркін қай тарапқа бармаған...  
Дәл тұсымнан өте шықты жосылып  
Әсем бір «Зим» қиялымдай самғаған.  
Көзден лезде тасаланды көкшіл «Зим»  
Ілескендей болды артынан назарым:  
«Ержеткенде еңбегіме мен мүмкін  
Сол «Зимнен» де артықтарын  
алармын».

Совхозбек ТОҒЫСБАЕВ.





## АНТАРКТИКАДА

Балалар, сендер, жер шарының алтыншы бөлегі — Антарктиданың оңтүстік поляр шеңберінде екенін география сабағынан білесіңдер. Бұл—күні бүгінге шейін жөнді зерттелмеген материк. Жер шарының 16 миллион квадрат километрі қалың мұздың астында жатқан болса, соның 14 миллион квадрат километрі осы Антарктида. Мұнда мұздың қалыңдығы бір жарым километрге шейін барады.

Алыстағы осы қыйын-қыстау жерге совет теңізшілері жыл сайын кит аулауға барады. Сол кит аулауға барғандардың ішінде «Слава» флотилиясы да болады.

Дүние жүзінде осы Антарктидадан суық еш жер жоқ. Мұнда суықтық 60 градусқа жетеді. Сұрапыл борандар соғады, дүниені



<sup>1</sup> Айсберг — жылжып жүретін үлкен-үлкен мұз таулар.

солқылдатар қатты жел кейбір жерлерде тынбастан, жыл бойына азынайды.

Антарктикадағы ең қауіпті нәрсе — айсберг.<sup>1</sup> Неғұрлым оңтүстікке жуықтаған сайын айсберг жиі ұшырасады. Қайсы кезде бұл жақпар-жақпар мұз таулар, іркіс-тіркіс ондаған километрге созылып, кемелердің жолын бөгейді. Мұндай қысалаң жағдайда тек шебер теңізшілер ғана жүйе тауып өте алады. Ал, мұндай қауіпте суыт өтіп кете алмасаң, кемеңі мұз таулардың жанша салуы әжеп емес. Осындай қыйыншылықта «Слава» флотилиясы 1946 жылдан бері қарай кит аулау кәсібін жүргізіп келеді.

Әдетте, айсберг қай жерде көп болса, кит те сол жерде жиі ұшырайды. Осы себепті жорықтағы кемелер, қатерден тайсалмасаң, айсбергке тура шабуыл жасайды.

Кемеді арнаулы зеңбірек бар. Оған сна-



ряд орнына гарпун<sup>1</sup> салынады. Мың метр темір арқанға байланған осы үшкір темір киттің денесіне қадалғаннан кейін қайта шығып кетпеу үшін, онан тағы бес шотаяқ тармақталады. (Бірінші сурет).

Китті көрісімен аңшы зеңбірекпен гарпун атады. Гарпунның салмағы — 80 килограмм.

Кит дүние жүзіндегі жануарлардың ең үлкені. Олардың кейбірі кемеден де зор болады. Міне, мұндай киттерге талай гарпундар жіберуге тура келеді. Олар тіпті кеменің өзін сүйреп әлі азайғаннан кейін барып қана тоқтайды.

Кит су ішінде тым жақсы естиді. Ол құлағымен де, бас сүйегімен де естиді. Міне, сондықтан кит аулаушы тым абай болуға тиіс. Сәл сыбдыр естілсе-ақ, кит зыта жөнеледі. Мынау 2 — суретте сол киттің дыбысты естіп қалып қашып бара жатқан кезі. Бұл кезде кеме де бар пәрменімен қуып береді. Ол сағатына 25 километрге дейін жүзсе, кит одан да жедел. Бірақ өкшелей қуа жүріп, аңшы зеңбірекпен ата береді.

Бұрқ еткен қарақошқыл түгін кемені жауып кеткенде, оқ тиген кит бұлаң етеді де, аспанға фонтан атады. Ақ көбік фонтан сәлден соң қаншымақтанып қызара бастайды. Бұл — гарпунның өкпеге барып қадалғаны. Сонда да кит әлі тоқтаған жоқ. Ол арқанды сүйрей жөнелді. (3-сурет)

Аңшы ептеп келіп екінші рет атады. Екінші гарпун келіп қадалады оның етіне. Кит енді арбаның екі арысына жегілгендей, қос темір арқанды сүйрейді. Кейде тым ірі китке гарпунның төртеу-бесеуін жұмсауға тура келеді. Ондайлар тек жарты тоннаға жуық гарпундар бойына қадалғанда ғана мойыйды.

Өлген китті аңшылар сүйреп әкеліп май заводына береді. Міне, енді ол деңкиіп кеменің үстінде жатыр. Жарғанда оның ішінен толып жатқан кіші-кірім киттер шығады.

1926 жылға дейін киттер қолмен сойыла-

<sup>1</sup> Гарпун — темір арқанға тағылған үшкір темір. Ол зеңбіректен атылып барып аңға қадалады.

тын. Ол кезде оны сою әлденеше күнге созылатын. Техникамен қаруланған заводтар қазір сонша дәу китті үш-төрт минутта жоғарыға көтеріп жеткізеді. Болат семсерлер әлденеше минутта оның борша-боршасын шығарады.

Мынау суреттегі киттің ұзындығы 25 метр, жалпы салмағы 100 тонна. Біз оның жеке мүшелерін де өлшеп көрдік. Мұндай киттің бір жүрегі ғана 800 килограмм, ал тілі үш тонна. Әр бүйрегінің өзі 400 килограмм. Мұндай ірі киттің қаны 6 тонна болады. (4-сурет)

Китті союдың тәсілі де өзгеше. Ең алдымен оның «қыртысын» сыпырады. Ең жұқа деп аталатын осы қыртыс майдың қалыңдығының өзі 15—20 сантиметр. Осыдан кейін барып оны жүйелеу басталады.

Мынау жатқан өлі киттің жақ сүйегінің ішінде тұрған адамды қараңыздаршы! Оның тек осы жақ сүйегінің ішіне қаншама адам сыймақ. (5-сурет).



Жүйелеуден бұрын киттің шек-қарынын алып тастайды. Оңтүстік полюсте бұған да не бар. Мұнда қап кептері болады. Міне, олар кит аулаушы кемелерді аңдып жүреді де шек-қарын тасталған мұзға жапырлай түседі. (6-сурет).

Бұл — тұрқы 40 сантиметр, дауылпаз құстар отрядына жататын, шұбар кептер. Оның басы, мойны және құйрығы қап-қара да, өзге жері шұбар. Тек бауыр жүні ақ. Антарктиканы ашқан орыс теңізшілері, осы түріне қарап, оларды бұдан 134 жыл бұрын шұбар құс деп атаған.

Киттің қыртыс майы, іш майы, майлы еті, сүйегінің ішіндегі майы араластырылып заводқа түседі де, шыжғырылып нешетүрлі медицинаға қажетті майлар жасалады. Мұнымен қоса оның майынан тұрмыс қажетіне, техникаға керекті заттар жасалады. Оның қара еті мен сүйектерінен мал азығына керекті ұнтақ, құстарға жем жасалады.

**Н. Иванов**

«Слава» флотилиясындағы май заводының начальнигі.



# ЖАС ШОПАН

## ӘКЕМЕН ӘНГІМЕ

Сол бір күн, сол бір әңгіме Мұхтардың есінен ешқашан кетпес...

Бірнеше күннен бері бір тынбай әлсін-әлсін жауған жаңбыр жердің мыйын шығарып жіберді. Кәзір де сіркіреп құйып тұр. Оқуды бітірген соң демалып, бес-алты күн жолдастарымен қыдырып енді ауылға келе жатқан беті еді. Тізгінді қысқа ұстап тақымды қыса түсіп, сар желіп келеді. Астында — асаудан өзі үйретіп мінген торы құнан. Екпіндей түседі! Кегеннен шыға сала қанша қатты жүргенімен, жауыннан құтыла алмады, үсті-басы малмандай.

Ауыл бұл кезде жайлаудан түсіп, Жуантөбе маңындағы Қарасудың бойына жазыққа келген. Мұхтар ауылға кешке қарай жетті.

— Түү, шырағым-ай, суға осынша малшынғанша, жаңбыр толастағанша неге тоса тұрмадың, — деп жатыр апасы Әлиман.

Апасы отты маздатып жаққан екен. Балалар соны айнала отыр. От қызуымен жүздері алауланып алыпты. Мұхтар да су киімін ауыстыра салып, от басына жайғасты.

Әлімбай қарт малдан кеш оралды. Мұхтар тысқа шығып сәлем беріп еді, қарт үн қатпады.

— Келіпсің ғой, қыдыруың қанды ма, балам? — деді де, қой шетіне кетіп қалды. Дауысында ызғар бар секілді.

«Бұл қалай?» дегендей, Мұхтар аң-таң болды. Әлімбай қарттың мұндай қытымыр мінезі жоқ-ты. Мұхтарға тіпті «сен қалайсың» деп те көрмеген еді. Өйткені, Мұхтар да ешқашан әке дегенінен бұра баспаған. Қыс болсын, жаз болсын ауылға келсе малшы әкесінің атын баптап, малын жайғап қолғабысын тигізетін. Бала күнінде қозы қайырып, ержете келе, алғаш әкесімен бірге, кейіннен жалғыз да бірнеше күн қой бағып көмектесетін. Аңада, оқу біткен соң, ауылды жайлауға өзі көшірісіп келіп, оншақты күн қой баққан. Тең тұстарымен бірге тынығып, біраз күн көңіл көтеруге әке рұқсатымен кеткен...

«Қалай болды?» Бұл сұрауына жауап таппай аңырды. Тек апасы:

— Шал қажыйын деді ме, соңғы кезде қыңқыл-сыңқылы көбейіп кетті, әсіресе осы бір апта бойғы жауын-шашында суық тисе

керек, қарттың құлағы да сараң еститін болып, қабағы түсіп жүр, — деді.

Мұхтар кешкі тамақты ішкен соң, қой шетіне шықпақ болып еді:

— Отыр, қарағым, айтар сөзім бар, — деп аялдатты әкесі. Әлекең тегінде көп сөзді жақтырмайтын, тура айтып, қысқа қайырды.

— Қарағым, Мұхтар, — деді сәлден кейін Әлімбай қарт, — осы уақытқа дейін «мұның қалай» деп бетіңнен қағып көрген пенде емеспін. Міне, жігіт болдың, онжылдық бітірдің... Маған үлкен көмегі боп жүрген, Әбдіреш болса, әне әскерге кетті. Кәрі әкешешеннің түрі болса мынау. Жылдан жылға кәрілік билеп барады... Тағы оқуға кеткелі ойы бар дегенді естіп қалдым. Не ойың бар? Мына әке-шешенді қайтесің?

Әлімбай қарт әр сөзін бөліп-бөліп, салмақпен айтып отыр:

— Тегінде осы жұрттың бәрі оқуға кетсе, мына колхоз малына кім қарайды. Мұғалім керек болғанда, к йшы, сыйыршы, жылқышы керек емес пе бұл елге?! Ертең мына шалдар өледі, сонда мына малды қайтесіңдер? Осы мал сендердікі ғой...

Әкенің ойлы да өткір сөзі Мұхтардың өңменінен өткендей болды. Расында да ол осы уақытқа дейін бұл жайды терең, жанжақты ойлап, толғаған тәрізді...

Мұхтар өзі де жастайынан малда өсті. Малдың талай қыйынын да, қызығын да көрді. Малшы әкесі де өз қатарынан кем еңбек етіп көрген емес. Қайта, кәзір колхоздың таңдаулы шопандарының қатарына қосылып, құрметке бөленіп отыр. Жыл сайын мыңдап еңбек табады. Ішкені алдында, ішпегені артында... Шопан еңбегін үкімет қандай құрметтеп, қамқорлық жасап отыр... «Шопан — бізге құрметті мамандық» деп мектепте мұғалімдер де сан рет айтты...

Осының бәрі Мұхтар ойына жаңа бір нәрмен оралды... Ата-ана алдындағы, Отан алдындағы азаматтық борышын енді терең сезінгендей ол...

Содан бері міне үш жыл. Кәзір Мұхтар Әлімбаев Молотов атындағы колхоздың таңдаулы шопандарының бірі.

...Мұхтар өз аулына түс ауа келді. Ол бұл сапарында Алматыға дейін барып, жас малшылардың слетіне қатысып, енді оралған беті болатын. Үй іші де сағынып қалған екен. Амандық сұрасқан соң, Мұхтар



Мұхтар Әлімбаев.

қоржынды шешіп, әкелген базарлықтарын көрсетті. Малды ауыл үшін қымбатты базарлық шай, монпансье дегендер де мол шығып жатыр... Әсіресе, кішкентай қарындасы мен өзінің жаңа ғана тәй-тәй басып келе жатқан тұңғыш қызы Майра қарық болып қалды. Майра бір конфетті жұмарлап ұстай алған бойы еңбектеп келіп Мұхтардың тізесіне жармасты.

— Майраш деген «бойжеткен» осы, — деп күліп қойды Мұхтар. Сәлден кейін інісі Әбіжанға қарап:

— Көкемің денсаулығы қалай? — деді ол. «Көке» деп Мұхтар әкесі Әлімбай қартты айтатын.

— Жақсы, кәзір қойда ғой, — деді Әбіжан.

Мұхтардың әкесі Әлімбай қарт быйыл сексен жаста. Осы жасқа келгенше мал бағып, бай тәжірибеге ие болған қарт шопан. Мұхтар мал бағу тәжірибесін сол кісіден үйренді.

Әлімбай қарт кәзір де Мұхтардың ақылшы ұстазы, көмекшісі де. Мұхтар әлде бір жұмыспен колхозға, аудан, облысқа кете қалса, малға сол кісі қарайды. Міне, бүгін де малды Әлекең өріске шығарып келіпті.

#### ҚОЙ ШЕТІНДЕ...

Күн кешкіріп қалған кез. Батар күннің шұғыласымен аспан әлемі қызыл арайланып тұр. Қой ауыл маңында жатқан еді. Мұхтар бәріміз мал шетіне шықтық.

— Қойлар кәдімгідей көтеріліп қалыпты. Жайлаудың аты жайлау емес пе, — деді Мұхтар, қойына көз тастап жіберіп.

...Бірыңғай аппақ қойлар. Астау жонды. Бүйірлері тырсыйған. Әрі көкке тойып, әрі сүт еміп тыңқыйып алған марка қозылар асыр салып ойнақтайды. Әне бір жыраның маңына өңкей кепе қозылар топтасып алыпты. Тікесінен-тік ортекедей орғып кеп кетіп, сатыр-сатыр жарыса, жосыла жөнеледі.

— Тұқымы тағы емес пе, басқа қозылардай емес, мына арқар-мериностар аңша секіреді, — деп қойды Мұхтар қозыларының әлгі ойнағына сүйінген кейіппен.

— Арқар-меринос қойлардың көп артықшылықтары бар ғой, — деді ол аздан сон әңгімені қайта бастап. — Бәрінен бұрын жүнді мол береді. Жүні қандай биязы. Ал, біздің қазақы қойлардың жүні мынаның қасында жүн емес, қылшық-қылшық бірдеңе ғой. Сонсоң атасы аң болғандығынан болуы керек, өте төзімді келеді. Етті де болады. Бір тамашасы — әсіресе қыстыгүні шөптің тапшы кезінде жылқыдан бетер жерді тұяғымен тарпып тебіндейді.

Біз назар аудармаған екенбіз, әңгіме айтты, тұрса да Мұхтардың көзі байқапты: қой шетінде бір ұзын құйрық ақ қозы онша жайылмай, аузынан ақ көбік ағып, тісін әлсін-әлсін шықырлатып тұр екен. Әлгі қозыны дереу ұстап, аузын ашып көрді де:

— Ә, мынау уқорғасын жеген екен, сүт ішкізу керек, — деді жас шопан.

Бұл кезде қасқарайып қалған еді. Қой қораға қарай шұбап иіріле бастады.

#### БӘРІНЕ ДЕ ЕҢБЕК ЖЕТКІЗЕДІ!

Үйге келген соң тағы да көп әңгімелестік. Мұхтар шопанның қыйыны да, қызығы да мол өмірінен көп жайды айтты. Біз оның өткен жылы қарауындағы 560 қойдың әр 100 інен 110 қозы алса, быйыл әр 100 қойдан 120 қозыдан алып, аман өсіріп отырғанын да білдік. Жас шопан осындай табысты еңбегі үшін быйыл Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға право алған.

— Мұндай табысқа қалай жеттің? — деп біреу сұрай қалса,

— Бұл жөнінде көп жайды сөз етуге болады. Бірақ, «Тоғыз ауыз сөздің тобықтай түйіні» дегендей тоқ етерін атасак, әлгіме еңбекте ғой. Бәріне де еңбек жеткізеді! — дер еді.

С. Байжанов.

Қарқара жайлауы.

# КЕЗКҮЙРЫҚ

(Аңшының блокнотынан)

Жіңішке ғана, саяз Күрті өзенінің екі жағын жағалай өскен селдірлеу шіліктің арасында жолдасым Габдолла екеуміз көктемде екі бөлініп қырғауыл атып жүрдік.

Сәске түс кезінде біраз олжалы болған соң, екеуміз бір қыраттау жерде кездесіп, өзіміз әуелде келіп тоқтаған малшылар қосына қайтуды ұйғардық.

Шіліктен шыға бергенімде жер бауырлай төмендеп ұшқан бір кезкүйрық менің төбеме келіп қалды. Бірақ ол менен сәскенген жоқ. Тура үстіме келгенде мен оны ап-анық көрдім. Түсі біркелкі қоңыр екен. Бадырайған өткір екі көзі оттай жайнайды. Үшкір имек тұмсығы—жыртқыштың өзімін деп тұрғандай. Қайшымен тегістеп қыйып алғандай біркелкі ұзын құйрығының түп жағында бір елідей ғана ақ бунағы бар. Құйрығының ұзындығы болмаса, өзі көгаршынан сәл ғана үлкенірек екен.

Ол менен қаймықпай ұшып үстімнен өте шықты. Шіліктің арасынан жем іздеп әуеле қалықтап жүрді.

Габдолла екеуміз қыратта бір-бірімізге табыстық та, қайтуға беттедік. Ол аңшылық туралы бір қызық әңгіме бастап келе жатыр еді.

Шіліктен ұзамай-ақ аяғына қыстырған әлде тышқан, әлде бір басқа жемі бар бір қара қарға алдымызда, жоғарыда қаннен-қанперсіз қыйғаштай ұшып бара жатты.

Енді бір кезде, әлгі қара қарға ышқына қанатын сабалап қалбалақтады да қалды. Менің көзім екі қанатын қомдап алып, жоғарыдан қара қарғаға құйылып келе жатқан кезкүйрыққа түсті. Ол аяғына қыстырған жемі бар қарғаны көріп қалып, шілікті тастай беріп, бұрылып қарғаға ұмтылған екен.

Өзінің өтірігінің қызығына түсіп, ештеңені абайламай келе жатқан Габдолланы бүйірден түртіп қалдым да:

— Мына тамашаға қарашы,— дедім. Габдолла:

— О не қылған тамаша? — деді де жан-жағына қарап, қалбалақтап қашқан қарға мен оған төніп келе жатқан кезкүйрықты жаңа ғана көрді.

Сол-ақ екен, ағып келе жатқан кезкүйрық қара қарғаны желкеден түйіп кеп өткенде, әлде қорыққанынан, әлде қарсыласу үшін бе, әйтеуір, қарға ұстап келе жатқан жемін тастап жіберді. Кезкүйрық енді қарғаға айналмай-ақ қайрылып келіп жерден жемді ілді де кетті. Қатты сокқы жемеген қарға олжасынан айрылғысы келмеген болу керек, қалбалақтап кезкүйрықты тұра қуды. Бірақ кезкүйрық оны елең де қылған жоқ, ағып кете барды. Ал, икемсіз шабан қарға оның қарасын да көре алмай қалды.

Ш. РАҚЫМБЕКОВ.

## БОЛҒАНДА ЖІГІТ ОЙҒА АЛАР...

Қабағы қату үскірік,  
Қаһарын төгіп келді қыс.  
Ұлыды боран, ышқынып,  
Шытышай басты колді мұз.  
Тыңның да қысы тым қызық:  
Әндетіп баған сымдары,  
Шатырын қарға сүйгізіп,  
Сап түзеп сан үй тұрғаны.  
Қытымыр суық январь  
Қасарсын қанша мұндайда.  
Қызыққа батқан балалар  
Суықты сірә тыңдай ма?  
Қамырдай бейне илейді,  
Аққала болды — омбы қар;  
Жалғыз-ақ сөйлей білмейді —  
«Адамдар» апақ тоны бар.  
Жас қала тұрды тізіліп,

Үйлеріндей совхоздың.  
Қарайды олар қызығып  
Көргендей соның нақты өзін.  
Жіңішке жіптер тартылды  
Сіріңкесің қабынан:  
— Станция арқылы  
Сөйлеп тұрмыз — қабыл ал!..  
Қайтқанда қыстың ызғары  
Аққала қалмас бұл маңда.  
Үзілер баған «сымдары»  
Орына шын үй тұрғанда.  
Көркейіп совхоз өседі,  
Жас шыбық бауға айналар!  
Ойының бөбек кешегі  
Болғанда жігіт ойға алар!

МЫҢБАЙ РАШЕВ.



## АҢҚАУ АЮ МЕН ҚУ МАЙМЫЛ

Маймыл туған күнінде  
Аямайды ырысын.  
Қонақ толып үйіне,  
Мақтады оның тұрмысын.  
Сөйледі ұзақ көпіріп,  
Қонақтары бимаза:  
— Білмеппіз-ау бір тұрып,  
Бөлмең қандай тап-таза!..  
Мақтады аю: — Кітаптар  
Көп қой иін тірескен!  
Маймыл айтты: — Ал, ақтар,  
Жыртып алма білместен!..  
— Оның рас, маймылым,

Емеспіз ғой онша епті..  
Оқымадым, білмедім..  
Бұл кітапта не депті?!  
— Не десін?..  
Қызық екенін  
Көрмейсің бе тысынан?!  
Сызам деп ұмытып кеткенім  
Керек жерін тұсынан..  
Деме кітап жаман бұл!..  
Сөзі осы ғой көрсейші.  
Оқыды ма қу маймыл,  
Аңқау аю білсейші!  
КАДЫР МЫРЗАЛИЕВ.

## АСЫҒЫС ТҮБІ — ӨКІНІШ

Сабақтан шыға далаға.  
Қарамай ешбір балаға.  
Жүгірді залмен Төленді,  
Тарсылдатып еденді.  
Есіктен шыға бергенде,  
Жоқ еді оны көрген де.  
Қолына сайман ұстаған,  
Соқтықты келіп ұстаға.  
Маңдайға темір сарт етті,—  
Көзінің оты жарқ етті!..  
Ш. СМАХАНОВ.

Жамбыл облысы.



## ЧЕМПИОННЫН ХАТЫ

Бетін басып жылап отырған Саттардың қасына келіп, Ваня Шестоперов:

— Мынауың не, тегі сеніңше жеңіліп қалса, чемпиондар да жылауға тиісті ме? — деді.

— Менің онда жұмысым жоқ, — деді өксігін баса алмаған Саттар, — мені оңаша қалдырғаныңа ақы алмасаң, кетші өзің.

Ваня да бой бермеді:

— Саттар, онан да бір чемпионға хат жазайық, олар жеңіліп қалса, не істейді екен, соны білейік.

Саттарға бұл ұсыныс ұнап кеткендей басын көтеріп алып еді, өзін аяп тұрған жолдасының көзіне көзі түскенде, тағы шыдамады, жасына булығы қалды.

— Не деп жазамыз? Олар жауап жазады дейсің бе? Олар чемпиондар ғой, тіпті дүниежүзілік чемпиондар ғой.

Чемпиондардың жауап берер, бермесіне Ваняның өзі де онша сеніп тұрған жоқ-ты, күмілжіп қалды. Мұның ойы жолдасын жұбату ғана еді. Сөйтсе де:

— Хат жазады, Саттар, көрерсің! — дегенді қалай айтып қалғанын өзі де аңғарған жоқ. — Совет спортшысы сезімтал да сергек болмай ма?!

Балалар, сонымен Москваға, дүниежүзілік чемпион, атақты жүргіші Владимир Куцқа хат жазды. Куц — Саттардың ең жақсы көретін чемпионы болушы еді. Хат кете барды.

Хатқа толғана жазуға болатын сырлары да бар еді. Өйткені Саттар соңғы түнде кірпік ілмеді, ол-ол ма бүгін міне жылап та алды. Ал, бұл Саттар — жеңіл атлетші де, шаңғышы да, боксер де, волейболшы да, бір сөзбен айтқанда, 6-«а» класының таңдаулы спортшысы еді. Ақтөбе қаласы бойынша футболдан бірінші

орын алу жарысы болғанда ортадағы шабуылшы Саттар Бейсенғалиевтің мыңдаған адам қатысқан қиын матчта 4-мектептің қақпасына жеңістің тағдырын шешкен екі доп енгізгенін кім білмейді! Төртінші жыл бірінші орынға не болып келе жатқан мектебінің абройын осы жолы тағы да қорғап қалған. Саттардың жаңада ғана Алматыда жарыста болып қайтқан тәжірибелі боксер Володя Резванденпен сайысып, үшінші раунда Володяның қарсылығын қойдыруға мәжбүр еткені жөнінде де аз әңгіме айтылмаған-ды.

Міне, келеттен осындай жеңістерге жетіп жүріп, бірақ күнде жеңіліп ұлтқа қалуды айтсаңшы! Жұрт көзіне көрінуге де беті шыдамайды. Жеңіліс жанына жамап батты. Бұл жайды еске алудың өзі де ыңғайсыз-ақ... Бірақ сонда да Саттар мен Ваня болған жайларды маған түгел айтып берді.

12-мектептің физкультура оқытушысы Вениамин Григорьевич Перегудов бір күні 6-класстың активін жыйнап алды да:

— Сендер, жарадыңдар, БГТО эстафетінің жазғы нормаларын түгел тапсырдыңдар. Ал енді таяуда, екі жетіден соң, қалада эстафеталық жарыс өткізіледі. Бұған жақсы дайындалуымыз керек: Эстафета жолы мынау. Меніңше, бірінші этапта Гена Добровольскийдің, екіншісінде — Ваня Шерстобитов, ал үшіншісінде — Миша Опанасенконың жүргені жөн, — деп санай бастады да, 14-этапқа тоқтады. — Бұл — нағыз қиын кезең. Бейбітшілік көшесін басып өтеді. 750 метрдей жер өрге жүгіру керек. Бұған кәне кімді ұсынасыңдар?

— Әрине бұған қолайлымыз — Бейсенғалиев, — десті балалар, — оның мүмкіншілігі бәрімізден артық.

— Мен де солай ғой деп ойлаймын, — деді жетекші, — бірақ бәрің де, әсіресе Саттарға табандылықпен әзірлену керек. Басқа мектептің балалары әзірлікке кірісіп те қойды.

Келесі күні әркім өз этапына келді, жаттығуға келді, Гена өз дистанциясын үш рет жүгіріп өтті, Ваня бәрінен де асырып жіберді — бір емес, бес рет жүгіріп келді... Жаттығуға келмеген Саттар ғана. Ертеңінде жолдастары:

— Саттар, кеше неге келмедің? — деп сұрады.

— Мен онсыз да әзірмін! Ұятқа қалдырмаймын. Саспаңдар!..

Топ ішінен біреу:

— Рас-ау, Саттар шаппай бәйгі алатын жүйрік қой, — деді. Бірақ бәрімен көрегендеу Миша сақтандыра сөйледі:

— Бәрі бір дайындалу керек. Бұл қырын кезең. Бейсенгалнев бұл сөзді көңіліне ауыр алып қалды:

— Сенің не шаруаң бар? Сен қыбырлап жүргенде, мен өз жолымды екі айналып келемін.

Балалар күлісіп алды, сүйікті спортшысының мақтанышын ешкім сынаған жоқ. Күн артынан күн өте берді.

Жексембі. Ақтөбе көшелері күн нұрына шағылып жалтырап жатыр. Жас атлетшілердің жарысының қызығын көруге шыққан адамдар тротуарларға сыймай, сығылысады. Шәкірттердің де, ұстаздардың да жүрегі өрекинді. Тіпті мектептің тоқсан жасар күзетшісі Алпат ақсақал да старт басына келіп, өзінің сүйіктілерінің көңілін аулап жатыр:

— Балалар, бекем болыңдар. Кубок біздің мектепте болуға тиіс.

Міне, 30 ға тарта команда стартта саңқа тұрды. 12-мектептен бірінші кезекте Гена Добровольский жүгіріп кетті. Ол бірден екінді кетті. 15 күн бойы жүгіре-жүгіре көзі қаныққан тұзу де тегіс, кең көшемсі ағып келеді. Көшенің әрбір түйір тасы өзіне таныс секілді. Қысылған да жоқ, алқыпқан да жоқ. Өзімен қатар жүгіргендердің талайын артта қалдырып, таяқты екінші этапта күткен Ваняға берді. Жаттығуы жетік Ваня барлық жүгірушілердің алдына шықты — яғни 12 мектеп алға шықты! Үшінші этаптағы Миша эстафетаны өзгелерден әлдеқайда бұрын алды. Эстафета осы қарқынмен бір қолдан бір қолға көше берді.

Енді эстафетада озып шығатын 12-мектеп екендігіне ешкімнің күдігі қалмағандай еді. Бұл сенімді күшейткен себеп — 14-этапта Саттардың тұрғандығы.

Бірақ ойламаған бір сәтсіздік алдан шыға келді. Жүгіру сәтті басталды. Саттар эстафета таяғын Витя

Нечитайловтан қағып алып, алға тартты. 150 метрдей өткен соң, алқына бастады, аяғы ауыр тартқандай сезінді. Осы сәтте оны 4-мектептің оқушысы Валерий Коротков өкшелеп келіп қалды. Екеуінің аралығы жақындай түсті, жақындай түсті.

Саттар балалардың көтермелеген айқайын да есітті, ол екілене түсті, бірақ жүгірісіне екінші қоса алмады. Ол саябырлай берді. Міне, Валерий де оны қуып жетті. Бірнеше секунд өтпей-ақ Саттардың Валерийдің арқасына көзі түсті. Көмбеге не бары 100 метрдей ғана қалды.

Бейсенгалнев жанын салып-ақ келе жатқан сыяқты, бірақ Валерийдің аяқ алысы шыйрағырақ та ұтымды. Оны қуып жету де енді мүмкін емес. Ол-ол ма, Саттарды 8-мектептің тағы бір баласы басып озып кетті.

Валерийді — озып келген жүйрікті балалар құттықтап жатыр. Саттарға жолдастары оқты көзімен қарайды. Ертеңінде бас қосқан балалар дандайсыған Саттардың бүкіл коллектив атына кір келтіруіне қатты режіді. Мұндай сөзді есту жақсы спортшыға жеңіл тиген жоқ. Міне, оның қасында Ваня ғана қалған. Владимир Куцқа хат жазу идеясы сонда туған еді.

\* \* \*

Арада үш апта өтпей, Алпат атай Саттарға бір күні үлкен хат тапсырды. Ол Москвадан дүниежүзілік чемпионнан келген еді. Рекордшы былай деп жазыпты: «Саламатсыздар ма, қымбатты Саттар мен Ваня!

Мен хаттарыңды қызыға оқыдым. Әрине, Саттардың жаттықпағандығынан эстафетадан ұтылғандарың айқын нәрсе. Әрине, сен өз класыңды, коллективіңді ұятқа қалдырғансың. Бірақ сен, қымбаттым, мойыма — алда әлі талай жарыстар бар. Совет спортшыларының қазір бүкіл дүние жүзінде ең алда жүргендігінің себебі олардың пайдалы түрде көп жаттығатындығы екенін ұмытпа. Бұрын аптасында 3 рет жаттықса болды деуші еді. Бұл енді ұмытылған сөздер. Күн сайын жаттығу қажет — сонда ғана табысқа жетуге болады. Мен қазір дүние жүзінде бірінші орын алу жарысы мен олимпий ойындарына қатты әзірленіп жүрмін. Бұдан менің не айтпағымды ұғасыңдар ғой деп ойлаймын.

6-«а» класының барлық балаларына сәлем айтыңдар. Қолдарыңды қатты қыстым. Владимир Куц».

Саттар бұл хатты класына оқып берді. Чемпионның кеңесі спорт жұмысын қыздыруға себепші болды.

П. Деражинский.

### КӨРЕДІ КІМНЕН МҰНЫСЫН?

Үш жастағы інісі,  
Сыялап аға дәптерін,  
Қолына еркін тиген соң,  
Кітаптың жыртты беттерін.  
Ашуланып ағасы  
Жағынап тартты інісін  
Жыймаған өзі қаразын,  
Көреді кімнен мұнысын?

### МЫСЫҚ ПЕН ТАЗЫ

Көре сап тұра ұмтылды,  
Көк тазы ала мысыққа.  
Төбеге қарғыш құтылды,  
Ұстатпай мысық «мысыққа».  
Төменде тазы түнерді,  
Кенелді мысық күлкіге:  
«Сен неге мына өнерді  
Көрсетпей жүрсің түлкіге?..»

ӨМІРТАЙ ЖАҚЫПОВ.



## АЛТЫН ҚҰМЫРА



Ерте заманда бір қатыгез, қара жүрек патша болыпты. Ол кәріліктен ғана қорқады екен. Сондықтан кәрілікті еске түсіреді деп, патша елдің бәрін шашына ақ кіре бастаса-ақ өлтіруге бұйыратын болыпты. Патшаның бұл қатыгез мінезіне наразы ел онан мейірбандық студі өтініп патша сарайының алдын босатпапты. Сонда патша: «Көл түбінде жатқан менің алтын құмыра

рам бар, кім де кім соны алып келсе, сол адамның әкесін өлтірмеймін, оның үстіне құмыраны қоса беремін. Егер мұны орындай алмаса, ол адамның өзін әкесімен қоса өлтіремін» деп жар салыпты. Көл түбіндегі құмыра судың тұнықтығынан көрініп жатады екен. Бірақ оны ешкім ала алмапты. Кісі суға түссе-ақ болғаны, су лайланып, құмыраны таба алмайды. Осылай тоқсан тоғыз адам өледі.

Сол елде Аскер атты бір бала болады. Ол кәрі әкесін тау ішіне апарып тығып, соған тамақ апарып беріп жүреді. Сөйтіп жүріп ол құмыраны қалай алуды ойлайды. Әкесі оған ақыл береді. Сөйтсе құмыра судың түбінде емес, көл жиегіндегі ағаштың басында екен. Тұнық суға ағаш көлеңкесін түсіргенде, құмыраның сәулесі де бірге түседі екен. Аскер осыны біліп, патшаның құмырасын алып беріп, әкесін өлімнен құтқарады. Патша бұл ақылды Аскерге әкесінің айтқанын естіп «қой, жүз жас адамның білмегенін бір шал тапты, енді оларға тимей-ақ қояйын» депті. Енді ол үлкен кісі келе жатса, бас иіп, сәлем беретін болыпты.

«Алтын құмыра» атты адыгей халқының бұл ертегісі таяуда қазақ тілінде шыққан Совет Одағы халықтарының ертегілері жыйнағына кірген. Жыйнақта «Алтын құмыра» деп аталады.

Бұл жыйнақта бұдан басқа орыс, украин, белорус, өзбек, қазақ, грузин, азербайжан, литва, молдаван, латыш, қырғыз, тәжік, армян, түркмен, эстон, карел, башқұр, эвенкей, осетін ертегілері бар.

Жыйнаққа кірген ертегілер тақырып жағынан әртүрлі. Біраз ертегілерде ерте кездегі ел тұрмысы, халық пен оны қанаушылар көрінсе, екінші бір топ ертегілер аңдар жайын баяндайды. Бұл ертегілер халықтардың тапқырлық ақыл-ойын, қыялын, арманын бейнелейді.

## КОСТЁР ӨНІ

Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы жуырда республикамыздың көрнекті ақындарының бірі — Әбділда Тәжібаевтың «Костер өні» атты балаларға арнаған өлеңдерінің жыйнағын басып шығарды. Ақын бұл кітабында әр кезде балаларға арнап жазған өлеңдері мен ертегілерін жыйнақтап оқушыларына ұсынған.

Жыйнақ Ә. Тәжібаевтың ертеkte жазған «Балапандар жыры» атты өлеңімен ашылады. Ақын мұнда балапандай қанат қағып өсіп келе жатқан бақытты совет балаларының өмірін суреттейді. Өлең жас ұрпақтардың өз атынан жазылған. Олар:

Қақтық қанат балапандай  
Бақытты Отан құшағында,  
Бізден ерлік көзін алмай  
Шақырады кел деп мұнда.—

деп жырлайды. Біздің пионерлердің сүйікті әндерінің біріне айналған «Костер өні» мектеп оқушыларының жазғы демалыс кезіндегі қызықты саяқатын, еркін, шат күндерін суреттеуге арналған.

«Костер өні» жыйнағында ақынның халықтар достығын жырлайтын бірнеше жақсы өлеңдері бар. Олар — «Орыс халқына», «Грузия», «Ленинград», «Сырдария», «Алатау» деп аталады. «Сырдария» Әбділданың ертерек жазса да, осы күнге шейін өзінің поэтикалық қуаттылығын жоймаған лирикалық құнды өлеңдерінің бірі.

Тәжібаевтың «Бес түлік жыры», «Май, алақай», «Жұлдыз — қыз» атты өлеңдері мен «Толағай», «Мерген» атты шағын поэмаларын совет балалары жақсы біледі, оларды сүйіп оқыйды. Міне, осы шығармаларда ақынның жаңа жыйнағынан орын алған. «Толағай» атты поэмасын автор «Ерлік туралы аңыз» деп атаған. Онда ертеде Ертіс жағасында өмір сүрген Саржан атты мергеннің Толағай атты баласының ерлік істері суреттеледі.

Балалар, сендер бұл жыйнақты оқып шығындар: мұнан мектеп сахнасында айтуға болатын, тақпақ етіп жаттайтын («Бес түлік жыры», «Май, алақай», «Балапандар жыры» т. б.) талай өлеңді табуға болады. Ақынның халықтар достығын жырлайтын тәуір өлеңдерін де жаттап алындар.



„БАС“



Февраль айының аязды кеші Жақан күндегі әдетінше мектептен қайтып келеді. Оның үйі көшенің бас жағында, Жолшыбай тізілген үйлердің бірі — көк қақпалы, аласа ақ үй Жақанның назарын өзіне көбірек аударды. Оның себебі де бар. Жақан күнде, осы үйдің терезесінің алдынан өтіп бара жатқанда, әйнектің ар жағынан оған аузын қыйсалаңдатып, көздерін кезек-кезек жыпылықтата мазақтайтын сары шашты баланың басын көретін. Жақан бұған ашуланып та жүрді. «Әй, сен «бас» далада бір кездессең!» — деп азуын басатын. Бірақ «бас» кездеспеді.

«Ол бүгін де мазақтайды» — деп ойлап, ол терезеге қарамай аулағырақ өтіп кетпек болды. Алайда, ол терезе тұсына келгенде, неден екенін өзі де білмей жалт қарады. Бірақ бүгін «бас» көрінбеді. Ол ілгерірек жүре түсті де, аңырып қарай қалды.

Көшенің бір шетіне таман телеграф бағанасы тұратын. Бағана мен шолақ қаданы ораған қапсырма темірге тілімен жабысып бір бала тұр, ол қозғала да, сөйлей де алмайды. Жақан жақынырақ келіп бұл күнде өзін мазақтайтын «бас» екенін танып кетті.

Ойланып тұруға болмайды. Жақан іле сол тұстағы бір үйге кірді де, жылы су алып келіп тіл мен темірге құйып жібергенде, байлаулы «бас» босанып шыға келді.

Босанған бала өзінің «құтқарушыларына» таңырқай қарап тұр, үндемейді.

— Сен жақсы екенсің, — деді Ваня әрі қуанып, әрі айыбын мойындап, — Енді мазақтамаймын.

С. БОРАНБАЕВ.

Қызылорда облысы, Жана Қазалы станциясы, 71-мектеп

ДОСТАР ХАТЫ

В. И. Ленин атындағы орта мектептің бесінші класс оқушылары тынып қалған. Бәрі де сырты ашекейлі, бұрын көрмеген конвертке төніп отыр. «Мен оқыйын» дегенді де әркімдер айтып жатыр.

Бұл Қытайдан келген хат. Оны жазған Тяньцзин қаласындағы 4 — орта мектептің оқушысы Чэн Син-жун деген бала.

Ол өз хатында Совет еліне деген сүйіспеншілігін бейнелейді, өзі оқыйтын мектепте құрылған пионер отрядының ондағы пионерлердің өмірін жазады.

— Жуықта, совет жазушыларының Қытай тіліне аударылған «Шағала», «Ерлік» атты кітаптарды біз пионер отрядындағы барлық бала сотып алдық. Мен «Шағалаға» қызыққаным сондай, екі қайтара оқып шықтым. Енді «Ерлікті» оқып жатырмын, — дейді Чэн Син-жун.

Одан кейін Чэн Син-жун өздерінің әртүрлі өнермен шұғылданатынын айта келіп, мектеп ішіндегі Достық атты үйірмеге қатысып, орыс тілін үйреніп жүргенін жазады.

— Бұл — Достық атты үйірмедегі бәріміздің арманымыз — данышпан В. И. Ленин сөйлеген тілді — орыс тілін үйрену, — дейді ол.

Отрядтағы пионерлер де өздерінің Қытай пионерлерімен берік достықтарын, оларға деген көмектерін аямайтындықтарын айтып хат жазды. Чэн Син-жун оқып жүрген мектептегі пионер отрядына сыйлыққа керней, барабан сыяқты музыкалық инструменттер жіберді.

С. МАМАЕВ.



Мұқабаның бірінші бетінде «Ертең бізде елка», төртінші бетінде «шанғымен саяқат».

Суреттерін салған Н. Лебедев.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ерғалиев Х., Ибраева А., Имаджанов М., Ыдырысов Р. (редактор), Қыйрабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Республикалық газеттер баспасы

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журналы «Пионер»

Подписано к печати 21/ХІІ 1955 г. УГ11127. Бум. 84×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub>—0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 28.550 экз. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1691.



# Белашы уақытында



## ЖАУАПТАР.

«Пионер» журналының осы жылы 11-номеріндегі кроссвордтың, «Бұл қандай нәрселер?», «12 шырпының», музыкалық чайнвордтың шешулері.

## КРОССВОРД Тігінен:

1. Метан. 2. Океан. 3. Ока. 5. Қыс. 9. Трактор. 10. Паспорт. 12. Насос. 13. Актив. 21. Антон. 22. Чехов. 23. Жер. 25. Жаз.

## Көлденеінен:

4. Лексика. 6. Акт. 7. Кыр. 8. Масштаб. 11. Еру. 14. Май. 15. Папка. 16. Бақу. 17. Апта. 18. Мотив. 19. Иод. 20. Ура. 24 Инженер. 26. Кек. 27. Қар. 28. Толстой.


## «МУЗЫКАЛЫҚ ЧАЙНВОРД»

1. «Тракторшы қарындас». 2. «Сылкылдақ». 3. «Қос алқа». 4. «Аксақ киік». 5. «Кенес». 6. «Сарыарқа». 7. «Айттым сәлем, қаламқас». 8. «Сегіз аяқ». 9. «Қайран шешем».

## «ОРЫС ЖҰМБАҚТАРЫ»

1. Жаңбыр. 2. Балшықшы. 3. Құнбағыс. 4. Жаңбыр, жер, өсімдік. 5. Балық. 6. Қоңыз.

## «12 ШЫРПЫ»




## «БҮЛ ҚАНДАЙ НӘРСЕЛЕР?»

1. Акқұман. 2. Ет турағыш. 3. Будильник.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

О. Мырзалинов (Талдықорған облысы), К. Жұматаев (Ақтөбе облысы), Қ. Балқыбеков (Сайрам ауданы), Қ. Әбілдина (Балхаш қаласы), И. Исқақов (Жәнібек ауданы), Ж. Мүсіров (Шұбартау ауданы), Б. Шакиев (Мақат ауданы)

## КРОССВОРД



## Көлденеінен:

5. Октябрь революциясының бесігі. 7. СССР-дағы көл. 8. Халық-демократия республикасы астанасы. 9. Орын. 11. Мектеп бөлмесі. 13 Пән. 18. Искусство саласы. 19. Өзен. 20. Ынжық. 21. Ұлы орыс акыны. 24. Радио жабдығы. 26. Ар. 27. Ұлы орыс суретшісі. 31. Белгілі совет ұшқышы. 32. Егін басатын орын. 33. Азамат соғысының батыры.

## Тігінен:

1. Совет Одағының батыры. 2. РСФСР-дағы өзен. 3. Жаратылыс. 4. Дүние жүзінде комбайнды тұңғыш ойлап шығарушы. 6. Құс. 9. Ұлы совет ғалымы, биолог. 10. Планета. 12. Көрнекті орыс суретшісі. 14. Құс. 15. Россиядағы шаруалар көтерілісінің басшысы. 16. Волга өзенінің саласы. 17. Шахмат термині. 22. Қосынды металл. 23. Капиталистік мемлекет. 25. РСФСР-дағы қала. 28. Көрнекті совет жазушысы. 29. Халық-демократия республикасы. 30. Ұлы қала.

ТАЛАПТАН ИМАНБАЕВ.

## ЖҰМБАҚ


Қар жауды қара тауға кетпейтұғын,  
Бар екен қайнар бұлақ кеппейтұғын.  
Қатар тас асты-үсті бұзылыпты,  
Ұстасы табылар ма септейтұғын.

М. КАЛДЫБАЕВ.

Оңтүстік Қазақстан облысы.

«45»

Мына төмендегі суреттегі сызықтардың бойындағы нүктелерге 20 тыйындық 4 күміс, 15 тыйындық 4 кү-



міс, 5 тыйындық 8 күміс — барлығы 16 күміс орналастыру керек. Сонда әр квадраттың әр қабырғасындағы сандардың қосындысы 45 тең болсын.

Жасаған Ә. ҒҰСМАНОВА.

## ЖҰМБАҚТАР.

1. Бір-ақ жерде жасында  
Тұрды оранып жасылға,  
Қартайғанда сарғайды,  
Іздеп кетті сай-сайды.
2. Біреуге найза түйрейді,  
Өзі де содап күйрейді.
3. Жүз адымын бір аттар,  
Аяғында құлақ бар.
4. Төмен қарап өседі,  
Күн жылынса өшеді.

М. ЖАМАНБАЛИНОВ.

Новосибирь облысы.

## ЖҰМБАҚ.

Бір нәрсе, беті тегіс ой менен қыр.  
Өзінің кіндігін шыр айналып жүр.  
Өзіне назар салып қарасаныз  
Келбеті жер жүзінің көрініп тұр.

Ә. ЖҮНІСБАЕВ.

Ташкент.